

#ЖаңаҚазақстан

Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын! Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ



БАУМ ТОҒАЙЫ

3

МӘСЕЛЕ



«КӨК ЖӘШІКТЕН» НЕ КӨРІП ЖҮРМІЗ?

БІЛІМ

6



БАЛАЛАР ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

8

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

9.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+32+34 °C

Көшпелі бұлтты, өткінші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

10.06.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №65 (6200) 9 маусым, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ТҮБЕГЕЙЛІ БЕТБҰРЫС

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді




Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы 2022 жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда дауыс беру қорытындыларын жариялады.

2

ЖАРЛЫҚ

АБАЙ, ЖЕТІСУ, ҰЛЫТАУ

Жаңа өңірлерге қош келдіңіздер!



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 4 мамыр күні Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы Жарлыққа қол қойғанын хабарлаған болатын. Онда еліміз аумағында жаңадан үш облыс құру туралы сүйінші хабар айтылған еді. Сол құжат 8 маусымнан бастап күшіне енді. Сонымен ел аумағы қалай өзгерді?

2

ҚЫСҚА...

- Президент трансұлттық компанияның басшыларымен кездесті.
- Мәслихат депутаттарының әкімдерді тағайындауға келісім беру ережелері бекітілді.
- Шілдеде Беларусь елінде Қазақстанның мәдениет күндері өтеді.
- Қазақстанда электронды темекіні сатуға және шегуге тыйым салынады.
- Қазақстанда байланыс операторларына сапасыз интернет үшін айыппұл көбейтіледі.
- Көлігіне жалған нөмір таққандар куәлігінен айырылады.
- Zhas Project жобасы әзірге 4 өңірде пилоттық режимде іске асырылады.
- «Кенесары хан» кітабы жарық көрді.
- Алматыда тәртіп сақшыларының балалары ата-аналарының жұмыс орнымен танысты.
- Алматыдағы Баум тоғайында апатты деп танылған 3311 ағаш санитарлық кесуге жатқызылды.
- Кирилл Кекер «Қайрат» футбол командасының бас бапкері болып тағайындалды.



ЖАРЛЫҚ

АБАЙ, ЖЕТІСУ, ҰЛЫТАУ

облыстарын құру туралы Президент Жарлығы күшіне енді

(Басы 1-бетте)

- Шығыс Қазақстан облысының құрамынан Ақсуат, Абай, Аягөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Үржар, Көкпекті аудандарын, Семей және Құрчатов қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Семей қаласында орналасатын Абай облысы құрылды.
- Алматы облысының құрамынан Ақсу, Алакөл, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқан аудандарын, Талдықорған және Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысы құрылды.
- Қарағанды облысының құрамынан Жаңаарқа, Ұлытау аудандарын, Жезқазған, Қаражал және Сәтбаев қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Жезқазған қаласында орналасатын Ұлытау облысы құрылды.

Мемлекет басшысының халық көптен күткен бұл пәрменінің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктеліп, Жарлық 8 маусымнан бастап күшіне енетіні жазылған еді: «Жарлық 2022 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс», делінген құжатта.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



КОНСТИТУЦИЯ 2022

ТҮБЕГЕЙЛІ БЕТБҰРЫС

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді

(Басы 1-бетте)

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 31 және 33-баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының ұсынған хаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы дауыс беру нәтижелерін хабарлады:



- Референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны – 11 734 642;
- дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны – 7 985 769 немесе 68,05 пайыз;
- референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 6 163 516 немесе дауыс беруге қатысқандардың 77,18 пайызы;
- референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны – 1 490 470;
- жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны – 205 924;
- 17 облыста, республикалық маңызы бар қалаларда және астанада дауыс беруге қатысқан азаматтар мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берді.

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы мәлімдегендей, «2022 жылғы 6 мамырда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасында баяндалған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайсыз ба?» мәселесі бойынша референдум өтті деп саналады, өйткені референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың жартысынан көбі дауыс беруге қатысқан.

2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдумға шығарылған «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды деп есептеледі, өйткені облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың кемінде үштен екісінде дауыс беруге қатысқан азаматтардың жартысынан астамы оң шешімді жақтап дауыс берді.

Сонымен, 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына қандай өзгерістер мен толықтырулар енді? Оқырмандарымызға еліміздің Ата За-

ңына енгізілген негізгі деген өзгерістерді тізбектеп өтейік:

1. Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан мықты Парламенті бар Президенттік басқару формасына өтеді.
2. Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде саяси партияда болмауға тиіс.
3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі.
4. Қазақстан Республикасы Президентінің жақын туыстары мемлекеттік саяси қызметшілердің, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшыларының қызметтерін атқаруға хақысы жоқ.
5. Қазақстандықтар өз бетінше Конституциялық Сотқа жүгіне алады. Конституциялық Сот азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін олардың өтініштері бойынша қарайды. Азаматтардың Конституциялық Сотқа жүгіну тәртібі мен шарттары конституциялық заңда айқындалады.
6. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. Өлім жазасына тыйым салынады.
7. Мәжілістің депутаттық корпусы конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша қалыптастырылады. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.
8. Сенаттағы Президент квотасы қысқартылады, ал Мәжілістегі ҚХА квотасы жойылады.
9. Мажоритарлық жүйе депутатты сайлаушыларының қалауы бойынша кері шақырып алуға мүмкіндік береді. Бір мандаттық аумақтық сайлау округі бойынша сайланған депутатты конституциялық заңда айқындалатын тәртіппен сайлаушылар кері шақырып алған кезде өз мандатынан айырылады.
10. Бірінші Президенттің ерекше рөлі және оған жасалатын артықшылықтар туралы ережелер алынып тасталды.
11. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болады және мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға есеп бермейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

Көлік жүрісі уақытша шектеледі

Алматыда Жол жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 9,10,11,12 маусым күндері сағат 08.00–19.00 аралығында Саин көшесінің Райымбек даңғылынан Марғұлан көшесіне дейінгі бөлігінде батыс бағытта көлік жүрісі уақытша ішінара шектеледі.

Сонымен қатар, жаңа асфальт жабынын төсеу үшін 10 маусым күні сағат 22.00-ден 11 маусым күнгі сағат 06.00-ге дейін Саин–Шалыпин көшелері қиылысындағы жолайық толығымен жабылады.

Аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЕСКЕРЕ ЖҮРІҢІЗ

Жол қозғалысына шектеу қойылады

2022 жылдың 10–20 маусым аралығында Алматы қаласының Алматы ауданында Шағабутдинов көшесі бойынша Құрманғазы көшесінен Шевченко көшесіне дейін көлік қозғалысы жабылады.

Уақытша шектеулер осы көше сегментінің жүріс бөлігінің астынан өтетін құбырды ауыстыруға байланысты енгізіледі. Жұмыс жүргізу барысында тұрғындарға ыстық су беру сақталады. Мәжбүрлі қолайсыздықтарға түсіністікпен қарап, көрсетілген учаскені айналып өту схемасын алдын ала қарастыруыңызды сұраймыз.

«АЛМАТЫ ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» ЖШС.



МӘСЛИХАТ

Қала әкімі Ерболат Досаевтың ұсынысы бойынша тұрғын үй сертификаттарының сомасы 1 млн теңгеден 1,5 млн теңгеге дейін ұлғайтылды.



БАСЫМ БАҒЫТ



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Алматы қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясы барысында тұрғын үй сертификаттарының жаңа мөлшері бекітіліп, тұрғын үй сертификаттарын алушылардың санаттары айқындалды. Сондай-ақ, Аманат партиясы филиалы Бюросының шешімімен белгілі журналист және эколог Сергей Пономарев Алматы қалалық мәслихатының депутаты болып сайланды. Сессия барысында Алматы қаласы бойынша Тексеру комиссиясының төрағасы бекітілді, ол кәсіби аудитор және қаржыгер Алтай Бердіқұлов болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында Алматыда халықтың әлеу-

меттік осал топтарын қолдауды кеңейту бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда. Әлеуметтік сипаттағы мәселелер Алматы әкімдігі үшін басым бағыт болып табылады.

Кезекте тұрғандар қатарынан сертификат алушылар санатына келесі азаматтар жатады:

- 1 және 2-топтағы мүгедектер;
- мүгедек балалары бар немесе оларды тәрбиелеуші отбасылар;
- жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- көпбалалы отбасылар.

Естеріңізге сала кетейік, тұрғын үй сертификаттары Алматыда әлеуметтік тұрғын үйге кезекте тұрған азаматтар үшін жеңілдетілген ипотекалық несиелеу бағдарламасы аясында бастапқы жарнаның бір бөлігін өтеу үшін қолданылады.

МЕРЕЙ

БИЫЛ «МЕДЕУГЕ» – 50 ЖЫЛ

Енді сіз жазда да коньки тебе аласыз!

Алматылықтар мен қала қонақтарының сүйікті мекеніне айналған «Медеу» мұз айдынының ашылғанына биыл 50 жыл. Енді «Медеу» қыс мезгілінен бөлек, жазда да жұмыс істейтін болады. Таза ауада коньки теуіп, Алматының сұлу табиғатын тамашалауды жақсы көретін жандар үшін бұл өте жақсы мүмкіндік. Өйткені, мұз айдынында конькимен ғана емес, дөңгелекті роликтермен де сырғанауға мүмкіндік бар.



50
1972
МЕДЕУ



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жабық нысанның жалпы аумағы 450 шаршы метр. 1 маусым күні жұмысын бастаған орталық тамыз айының соңына дейін ашық болады. Ұйымдастырушылар балалардың жазғы каникул уақытында, шілдіңгір шілде мен тамылжыған тамыз айында да демалуға келушілердің көп болатынын сеніммен айтып отыр.

Дейтұрғанмен, орталық мамандары жаз мезгілінде мұзды қатыру аса күрделі екенін айтады. Ол үшін түрлі технологиялармен жабдықталған мұздатқыштар орнатылған.

«Медеу» мұз айдынының директоры Абылай Қондыбаев мұндай мүмкіндік орталықтың 50 жылдық тарихында бірінші рет жасалып отырғанын айтады. Қазір технологиялар дамып жатқандықтан, алдағы уақытта жазғы катоктың ауданын үлкейту жоспарда бар көрінеді.

КЕРЕК ДЕРЕК

«Медеу» мұз айдыны 1972 жылы, 28 желтоқсанда ашылған.

Демалыс орталығы үзіліссіз таңғы сағат 10.00-ден кешкі 10.00-ге дейін жұмыс істейді. Билет бағасы ересектерге 1500, ал 14 жасқа дейінгі балалар үшін 1000 теңге. Конькилерді жалға алу құны өлшемінә қарай 1 мың теңге мен 2 мыңның аралығында белгіленеді.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



БАУМ ТОҒАЙЫ: САНИТАРЛЫҚ КЕСУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Құраған ағаштар тоғайға келетіндердің өміріне қауіп төндірмеуі тиіс

Қала экологиясы – алматылықтардың алаңдаушылығын тудыратын өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, шаһарымыздағы жасыл желектің жағдайы мен ағаштардың орынсыз кесілуі әлеуметтік желілерде сөз болып, талай кездесу мен жиындардың тақырыбына айналғалы қашан?! Осыдан бірер жыл бұрын әкімдік пен белсенділер тарапынан қаладағы ағаштардың саны мен сапасын зерттеуде алғашқы қадамдар жасалып, қазір бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табуда. Мысалы, былтыр «Баум» тоғайындағы эко-жүйені толыққанды зерттеуге тапсырыс берілген екен. Журналистерге ұйымдастырылған баспасөз турында орманның ішкі тынысын біліп қана қоймай, ағаштардың өмір сүру дағдысымен танысып келдік.



Динара МҰРАТ

Жасыл экономика басқармасы мен «Медеу» мемлекеттік аймақтық табиғи саябағы әкімшілігі орманның экологиялық жағдайын зерттеуді Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Зоология институты мен Ботаника және фитоиндустрия институты мамандарына тапсырған. Бір жыл ішінде жасыл желектер түгенделіп, флора мен фауна, топырақ зерттелген. Сонымен қатар, табиғат ескерткіштерінің тұрақты дамуы бойынша ұсыныстар әзірленді.

Аталмыш зерттеу нәтижелеріне сәйкес, тоғай аумағында ағаштардың 49 түрінен 104 мың түп өседі, оның ішінде 3311 ағаш апатты жағдайда немесе ескі, яғни жарамсыз. Бұл орманның шамамен 3,1%-ы.

Жасыл желектің мезгілінен бұрын солып, құртылуының бірнеше себептері бар. Оларды биотикалық және биотикалық емес деп екі топқа бөліп қарастыруға болады. Ағаштардың өлімінің биотикалық емес себептеріне су тасқыны, құрғақшылық, жылу, төмен температура, мұзды дауыл, артық күн сәулесі сияқты экологиялық күйзелістер жатады. Академик Бұлқайыр Мәмбетовтың айтуынша, «Баум» тоғайы адамның қолымен жасалғандықтан, көптеген ағаш түрлері өзге елдерден әкелінген. Сондықтан климаттық өзгерістер салдарынан ағаштың өмір сүру ұзақтығы біршама қысқаруы мүмкін. Мысалы, Ресейден келген емен 1000 жасайды дейді, алайда ылғалдылығы 30%-ды құрайтын алматылық ауа райы жағдайында оның жасы 150-ден аспауы мүмкін.

Биотикалық себептердің туындауы өсімдіктердің бәсекелестігі-

мен байланысты. Аумағы 139,5086 га-ды құрайтын тоғайда ағаштардан ине шаншырлық жер таппайсың, Зерттеуші ғалым түсіндіргендей, жалпылама заңдылық бойынша әр гектарға 500 ағаш жеткілікті болса, аталмыш саябақта оның саны 1000-нан асады. Яғни тамыры терең, діңгегі қатты ағаштар жанындағы жас шыбықтардың өсуіне кедергі келтіреді: өсіп кеткен бұтақтар күн көзін жауып, ірі желектердің тамырлары бар ылғалды сорып алады. Бұл мәселенің шешімі ретінде академик кейбір жас шыбықтардың орнын ауыстырып, ірі ағаштардың артық бұталарын уақытылы кесіп отыруды ұсынады.

«Баум» саябағында ағаштардың өлуіне әкелетін біз көрген себептерге жұкпалы ауру мен саңырауқұлақтардың паразиттік жолмен ағаш діңінде өмір сүруі болды. Бұлқайыр Мәмбетов тоғайдағы бірнеше топ ағаштар ресейлік жасыл желектерге тән жұкпалы ауруға шалдыққандарын айтады. Өйткені, Қазақстанда мұндай ауру түрін кездестірмеген екен. Ал саңырауқұлақтар әлсіреген ағаштарға бейім болып, оның одан әрі құртылуына үлкен әсер етеді. Мұндағы ең сорақысы, іштен құртылған ағаштардың сырт келбеті дұрыс көрінгенімен, жел соққан сәтте құлап, апаттық жағдай тудыруы мүмкін. Сондықтан Қазақ ұлттық аграрлық университетінің академигі ағаштарды уақытылы тамырымен жою керек екенін алға тартты. Себебі, жұкпалы аурулармен уланған ағаштар өзгелеріне инфекцияны жұқтырады, ал саңырауқұ-

лактары бар ағаштарды тамырымен жұлып тастамаса, олар спораларын үлкен аумаққа шашып, жан-жаққа паразиттік жолмен көбейе береді. Сондықтан қала әкімдігі биылдан қалмай, осы тоғайдағы жарамсыз 500 ағашты жоюды жоспарлап отыр.

«Бұл – табиғи процесс. Табиғи ормандарда орташа он жыл ішінде барлық ағаштың шамамен 5–10%-ы жарамсыз болып қалады. Алайда, бұл жерде апатты жағдайда тұрған ағаштарға арнайы мамандардың араласуы қажет. Мәселен, апатты ағаштар зең ауруына шалдыққан және оларды жақын арада кесіп тастамаса, алдағы он жылда барлық тоғайдан айырылып қалуымыз мүмкін», – деді академик Бұлқайыр Мәмбетов.

Аталмыш зерттеу барысында орманның өсімдіктер дүниесі ғана емес, фаунасы да зерттелген. Ғалымдар жұмысқа кешігіп кіріскенімен, қазірдің өзінде біраз қызықты ақпараттар алынған. Бұған дейін тоғайдың жануарлар жүйесі зерттелмегендіктен, әдебиеттерде 100 түр мекендейді деген ақпарат тараған. Алайда, былтырғы зерттеу бойынша, жәндіктердің 67 түрі табылды. Оның ішінде 27 түрі аса қауіпті, 27 пайдалы жәндіктер, қызыл кітапқа енген 1 түр (инелік түрі) табылған. Зоология институтының жетекші ғылыми қызметкері Перизат Есенбекованың айтуынша, ағаштардың жойылуына жәндіктер де себепші. Мысалы, ағашқа зиян келтіретін жәндіктер қатарына қабық асты қонғыздар, жапырақ жегіш қонғыздар, қабық

асты қандалалары, жапырақтардың шырынын соратын, өсімдіктердің гүлімен қоректенетін түрлері жатады. Жасыл генофондты сақтап қалу үшін осы зиянкестердің санын азайту керек. Оның екі жолы бар екен: биологиялық және механикалық. Зиянкес жәндіктермен қоректенетін құстарға арналған үйшіктер салу – биологиялық жолына жатады. Ал механикалық деп отырғанымыз, адамның күшімен, жапырақтағы жәндіктерді қолмен теріп шығу.

Бүгінде 37 187 ағаш қалпына келтіруді, емдеуді қажет етеді. Бұлардың ішінде болмашы зақымданған немесе біржақты өсіп кеткен ағаштар да бар. Биыл ағаш діңдерін зиянкестерден және кеселдерден құтқару мақсатында санитарлық сауықтандыру шараларын, оның ішінде құраған, апатты жағдайдағы, құрап түскен бұтақтарды жинап, тазалау жұмыстарын жүргізу жоспарланған. «Медеу» аймақтық табиғи саябағы 9 маусымнан бастап Баум тоғайында 2022 жылы санитарлық кесу жұмыстарын жүргізу бойынша қоғамдық талқылау ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

«Ескі әрі апатты жағдайдағы ағаштар барлық орман алқабында орналасқан. Олардың орнына жаңа ағаштар отырғызылатын болады. Бұл тоғай алматылықтардың сүйікті демалыс орны, сондықтан құраған ағаштар тоғайға келетіндердің өміріне қауіп төндірмеуі тиіс», – деді Ботаника және фитоиндустрия институтының аға ғылыми қызметкері, дендролог Инга Бабай.



● **МЕТРОПОЛИТЕН**

МЕТРО ӘЛЕМІ ӘДЕМІ

Естеріңізде болар, таяуда Алматыда «Сарыарқа» және «Бауыржан Момышұлы» метро бекеттері ашылған-тын. Бұл екеуі қала тұрғындары мен меймандарына қызмет көрсетіп келе жатқан алдыңғы 9 бекеттің жалғасы.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Бұған дейін метромен күніне 45 мыңға жуық жолаушы жүретін. Енді жаңа екі бекет іске қосылғалы бұл көрсеткіш 85 мың жолаушыға ұлғаяды деген болжам бар.

Бұл – біздің мегаполис үшін ірі оқиға. Жер астынан теміржол салу оңай емес. Сондықтан жергілікті жердің күрделі тау-геологиялық және сейсмикалық жағдайларын ескере отырып, өте күрделі әрі көлемді жұмыс істеген мамандардың еңбегі ерен. Осы қос бекеттің ішкі келбетіне мән беріп қарасаңыз, бейнебір өнер әлеміне енгендей күй кесіс.




шесіз. Метроға кірген адамның жайлылықты сезінетіні анық.

«Бауыржан Момышұлы» бекеті Абай даңғылы бойында Момышұлы көшесінің батысында орналасқан. Таяз орналасқан, 2 вестибюль мен 6 кіреберісі бар. Бекетте 6 жеделсаты мен 15 эскалатор орнатылған. Платформа ұзындығы – 108 м.

Қабырғалары керамикалық панельдермен өрнектелген, еденге ашық сұр гранит қолданылған.

«Сарыарқа» бекеті Абай даңғылы бойында Алтынсарин даңғылы мен Саин көшелерінің аралығында Family Park маңында орналасқан. Терең салынған, 2 кіреберісі мен 1 вестибюлі бар. Станцияда 2 жеделсаты мен 8 эс-



калатор орнатылған. Платформаның ұзындығы – 110 м. Интерьер жасау кезіндегі негізгі идея – Сарыарқаның шексіз кеңдігін, әсемдігін көрсету. Қабырғалары мәрмәр тастармен, панельдермен қапталып, гранитпен өрнектелген. Шеткі қабырғаға кең жазира даланың үстінен шығып келе жатқан күн, оның бергі жағында Қазақ-

стан астанасы бейнесі маңында жалы желмен жарысқан сұлу тұлпарлар бейнеленген панно орнатылған. Қазақтың ойлы ою-өрнектері де көзге жылы ұшырайды.

Интерьерді Ғазиз Ешкенов басқарған суретші-монументалистер тобы жасаған. Олар – метроның көптеген бекетін әрлеп жүрген шығармашыл топ.

● **ЖОБА**

ҚАЛАНЫ БІРГЕ КӨРКЕЙТЕМІЗ!

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасына өтінім қабылдау басталды

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша ұсыныстар қабылдау басталды. Қала тұрғындары 20 шілдеге дейін budget.open-almaty.kz порталы арқылы ұсыныс бере алады.



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Аталмыш жоба алматылықтардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде қала аудандарының аумақтарын дамыту және абаттандыруды көздейді. Осыған орай, Алматының 6 ауданына – Алмалы, Өуезов, Бостандық, Жетісу, Медеу және Түркісіб аудандарының әрқайсысына 800 млн теңгеден қаражат бөлінді. Ал қалаға қосылған аумақтарды дамыту мақсатында Наурызбай мен Ала-тау аудандарының әрқайсысына 1,3 млрд теңгеден бөлінбек. «Халық қатысатын бюджет» жобасының жалпы сомасы 7,4 млрд теңгені құрайды.

Алматылықтар өздері ашық дауыс беру арқылы қала бюджетін қандай бастамаларға бағыттау керектігін өздері анықтайды. Идея авторларының өтінімдеріне Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері, сарапшылар, мәслихат депутаттары, ҰЕҰ өкілдері де өз бағаларын береді.

Жобалық ұсыныстар budget.open-almaty.kz порталы арқылы қабылданады. Ол үшін өтінімді толтыру керек (жобалық ұсыныстың атауы, оның сипаттамасы, нысанның мекенжайы), жобалық ұсыныстың нобайы мен сметасын міндетті түрде қоса беру керек (болжалды болуы мүмкін). Бір жобаның ең жоғарғы құны



61,2 миллион теңгеден аспауы тиіс.

Жобалық ұсыныстар мына талаптарға сай болуы шарт:

- бір автор – бір өтінім – бір нысан;
- қолжестімділікті шектеусіз жалпы пайдалану нысаны;
- нысан іске асырылуы жоспарланған аудан аумағында, жалпыға қолжетімді жерде орналасуы керек;
- әкімдіктің құзыретінде болуы тиіс және т.б.

Мына жобалық ұсыныстар қабылданбайды:

- құрылыс-монтаждау жұмыстарынсыз тек жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеуге арналған;
- болашақта қосымша элементтерді енгізуді талап ететін;
- Алматы қаласының даму бағдарламасына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмейтін;
- коммерциялық сипаттағы және т.б.

Аудан әкімдіктерінің сараптау комиссиялары жобаларды

«Халық қатысатын бюджетті» ұйымдастыру және іске асыру туралы Ереженің, Қазақстан Республикасы заңнамасының, Алматы қаласын дамыту бағдарламасының талаптарына сәйкес іріктейтін болады.

Аудан әкімдігінің сараптама комиссиясының құрамын аудан әкімі бекітеді. Оның құрамына мәслихат депутаттары, аудандық сәулетші, құрылыс саласының маманы, құрылыс нысандарының сметалық құжаттамаларын жасау жөніндегі маман, Алматы қаласының Қоғамдық кеңесінің, қоғамдық ұйымдардың өкілдері кіреді.

Жоба бойынша кеңестерді немесе ақпаратты Алматы қаласының аудандық әкімдіктерінен, сондай-ақ, Алматы қаласы әкімдігінің «Open Almaty» қоғамдық қабылдау бөлмесінен 224-39-29 (ішкі 203) телефоны арқылы алуға болады.

Ал ағымдағы жылдың 31 тамызы мен 19 қыркүйегі аралығында «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында Алматыны абаттандыру бойынша тұрғындардың ұсыныстары үшін дауыс беру өтеді.

● **БАҒДАРЛАМА**

Таяу аралықта Алматының Бостандық, Жетісу, Түркісіб аудандарындағы әбден ескіріп, тозығы жеткен үйлер сүрілуі мүмкін. Осы үш аудандағы ескі үйлерді қайта жаңғырту бағдарламасы аясында сүріп, орнына жаңа үйлер тұрғызу жоспарланып отыр. Бұл ақпаратты «Алматы ӘКК» Басқармасы ұсынды.

ЕСКІ ҮЙЛЕР СҮРІЛЕДІ



**Айнұр
НҮРСАБЕТ**

Бостандық ауданы

2022 жылдың соңына дейін Розыбакиев – Солодовников – Радостовцев – Жандосов көшелерінің шаршысында орналасқан ескі үйлер сүрілмек. Осы аумаққа жеке құрылыс компаниясы жаңа пәтерлер салуды жоспарлап отыр.

Жетісу ауданы

Аудандағы Павленко – Райымбек даңғ. – Брюсов – Казаков көшелерінің шаршысында орналасқан ескі үйлер сүріледі. Мұнда қайта жаңғырту бағдарламасы бойынша 7 үй, 56 пәтер қамтылды.

Ескі үйлерді бұзып, орны босатылғаннан кейін жаңа үйлер салынатыны анық. Алайда, қазіргі уақытта реновация бағдарламасын жүзеге асырудың нақты мерзімдері, сондай-ақ осы учаскелерде жаңа үйлерді салу тұжырымдамасы әлі нақты анық-

тала қойған жоқ. Сондықтан ӘКК бюджеттік қаржыландырудың болмауына байланысты реновация бағдарламасын іске асыру қарқыны бәсеңдеу жүріп жатқанын айтты.

Түркісіб ауданы

Бұл ауданда Ақан сері – Касин көшелерінің учаскесіндегі ескі үйлерді бұзу жоспарлануда. Мұнда жеке инвестор, QazaqStroy құрылыс компаниясы ескі үйлерді бұзып, Алматы «ӘКК АҚ»-ның қатысуынсыз жаңаларын салып жатыр. Аталған учаскеде 97 пәтерге арналған 12 екі қабатты үй бұзылды. Барлық тұрғындарға жаңа тұрғын үй берілді.

Естеріңізге сала кетейік, жөндеу бағдарламасы бойынша ескі көппәтерлі үйлердің иелеріне «бөлме үшін бөлме» қағидаты бойынша жаңа пәтерлер беріледі. Пәтерлердің аудандары әртүрлі болуы мүмкін. Бір пәтерде тіркелген тұрғындардың саны жаңа тұрғын үй алаңына әсер етпейді.






АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫ НЕ ТОЛҒАНДЫРАДЫ? Сырғытпа жауап – салғырт көзқарас

ЖЕТІСУ АУДАНЫ



Газетіміздің тұрақты оқырмандарының бірі, Жетісу ауданы Шелихов көшесінің тұрғыны Дәулет Ибраимханов жол мәселесіне қатысты ойымен бөлісіп, бізге арнайы бейнежазба жіберіпті. Бейнежазбада оқырманымыз өздері тұратын көшенің қазіргі жағдайын көрсете отырып баяндайды.

– Біздің көшемізде үш жыл жол мәселесі дұрыс қолға алынбай қалды. Алғашқы жылы су құбырын жүргізу үшін жолдар қазылды, одан кейін пандемия болды, тағысын тағы дегендей. Былтыр әйтеуір күзде, ұмытпасам, қараша айының басында ғой деймін, құбырлар жүргізілді. Кейіннен асфальт төселді. Міне, сол жұмыстың нәтижесін бір жыл болмай көріп жатырмыз. Қазіргі жағдайы мынадай. Жолымыз шұрық тесік. Құдықтардың беті дұрыс жабылмаған соң сынып қалды. Жолымыз тегіс емес, толқын-толқын болып жатыр. Жаңбыр жауса көлшіктерден аяқ алып жүре алмаймыз. Станиславская көшесіне қарай жол мүлде жасалынбады. Мына жолдармен жүру мүмкін болмаған соң төмен қарай түсіп, Рысқұлов даңғылымен айналып өтіп жүрміз. Жағдайымызды айтып, Жетісу ауданы әкімдігіне хат



Жолымыз қашан жөнделеді?

жаздық. Бірақ ешқандай нәтиже жоқ, – дейді оқырманымыз. Жол мәселесі бірінші рет

айтылып отырған жоқ. Десек те, оқырманымыздың сауалына орай жауапты сала мамандары, аудан

әкімдері нақты жауап береді деген ойдамыз. Қазірше бұған уақыт қана төреші.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

КӨПШІЛІКТІҢ СҰРАУЫ ШЕШІМІН ТАБА МА?

Қала көшелеріндегі қоғамдық дәретханалардың әлі күнге дейін жабық тұрғаны алматылықтардың наразылығын тудырып отыр. Кейінгі кездері бұл мәселені көпшілік әлеуметтік желілерде жиі көтеріп жүр.



Иә, Алматыны әлем таниды. Әсемдігі өз алдына, мәдениетімен де ерекше назарда жүретін әсем қалада зиялы қауым өкілдері мен танымал тұлғалар, білімді азаматтар көп тұрады. Өйткені, мұнда еліміздегі таңдаулы өнер, білім, ғылым ордалары, елшіліктер мен түрлі саладағы одақтар орналасқан. Тұрғын үйлер, түрлі әлеуметтік нысандар да көз ілеспес жылдамдықпен бой көтеріп, қала аумағын кеңейіп жатқаны өз алдына бөлек әңгіме. Ендеше, ай сайын емес, күн сайын дамып жатқан қаламызда дәл осы бір қоғамдық дәретхана мәселесі неге көзден таса қала береді? Миллиондаған тұрғыны бар алып Алмағы үшін қажет дүние неге халық үшін «қызмет» көрсетпей тұр? Желі қолданушылардың сөзін жокқа шығаруға болмайды. Себебі, Алматыда шынымен жұмыс істеп тұрған қоғамдық дәретханалардың саны өте аз. Ессесіне, ағаштың тасасына,

арықтарға, жерасты өткелдері мен кез келген қалқа жерге дәрет сындырағындар көп. Алматыға қысы-жазы туристердің көп келетінін ескерсек, бұл мәселе ойлантатын-ақ жағдай. Егер шетелдіктер қала көшелерінде орнатылған дәретханалардың жабық тұратынын, ол аздай, қысылғаннан ағаштың қалқасына жүгірген адамды көрсе не ойлайды?! Орайы келіп тұрғанда мына бір мысалды айта кетейік. Қай қалада екені есімде жоқ, әйтеуір еліміздегі ірі қалалардың біріне шет елден іссапармен келген бір азаматты полициялар талдың түбінде дәрет сындырып тұрған жерінен ұстап алыпты. «Жолда келе жатып, бірнеше жерге кірдім. Әжетханаға кіргізуін өтіндім. Бірақ ешкім рұқсат бермеді. Сонда әлгі шетелдік азамат қысылған соң жаңағыдай қадамға бардым» деп жауап беріпті. Осы «қылығы» үшін ол әкімшілік айыппұл да төлеген көрінеді. Бір қарағанда ұят-ақ нәрсе екен дерсіз.

Бірақ бұған дәрет сындырған шетелдік азамат емес, қоғамдық дәретханамен қамтамасыз ете алмаған қала билігі ұялыуы керек емес пе?!

Міне, күн жылынды. Оқушылардың жазғы каникулы басталды. Енді қала маңындағы елдімекендерден анау-мынау жұмыстарын бітіруге, жан-жақтан бала-шағасымен қидыруға келетін ағайынның қарасы көбейеді. Ол – анық. «Ұлы сөзде ұят жоқ». Кез келген тірі жан қоректенетін болғандықтан денесінен сыртқа қалдықтар шығаруы заңды құбылыс. Дәрет сындыру – табиғи қажеттілік. Тіпті, айға ұлсаң да физиологиялық процеске қарсы тұра алмайтының анық. Сондықтан дәл осы дәретхана мәселесіне көңіл аударып, оны шешетін уақыт келді. Бұл қалада мүлде қоғамдық дәретхана жоқ дегенді білдірмейді. Саябақтарда, адам көп баратын қоғамдық орындарда дәретханалар бар.

Біз кез келген адамның басынан өтуі мүмкін жағдайға байланысты қала көшелеріндегі жабық тұрған дәретханаларға қатысты сөз қозғап отырмыз. Бұл жерде ешкім халықаралық деңгейдегі әжетхананы талап етіп отырған жоқ. Көпшіліктің сұрауы сол, қала көшелерінде орнатылған дәретханалар ашық тұрса болғаны дейді. Өкініштісі сол, әлеуметтік желіге түскен шағымға құзырлы орындар нақты жауап қайтармайды. Тек қарамағындағы қызметкерлер «іс бітті, кү кеттінің» тірлігімен сырғытпа жауап беріп отыра береді. Біздің осы тақырыпқа қатысты білгеніміз, қала көшелеріндегі қоғамдық дәретханаларға Алматы қаласы Туризм басқармасы жауапты екен. Біз мәселені мәңжайын білмек ниетпен құзырлы мекемеге ресми хат жолдадық. Қазірге әлі жауап келген жоқ. Сондықтан жұртты мезі еткен тақырыпқа қашан нүкте қойылары әзірге белгісіз...

ТҰРҒЫНДАР НЕ ДЕЙДІ?

Елена КЛИМЕНЧУК,
желі қолданушысы:

Мамыр айында Гагарин көшесі бойындағы аллеяға (Мыңбаев көшесінің төмен жағы) қоғамдық дәретхананы орталық кәріз желісіне қосу бойынша жұмыстар жүргізілген. Көгалдарды бүлдіргені былай тұрсын, қазылған жерлерді сол күйінше аяқтамай тастап кетті. Әп-әдемі бақтың сиқын қашырған құрылысқа біздің көңіліміз толмады. Енді бұл аллея қашан баяғы әдемі қалпына келеді? Бостандық ауданының әкімдігі бұған не дер екен?!

Гауһар БАҒДАТҚЫЗЫ,
жас ана:

– Алматы – жанға жайлы, таза, көрер көзге көрікті қала. Сондықтан оның саябақтары мен гүлзарларынан жұпар иіс аңқып тұруы тиіс. Сол себепті, бізде дәретханалар да жоғары мәдениеттіліктің үлгісін көрсетіндей орынның бірі болуы керек. Міне, қараңызшы, мына дәретхананы орнатқалы жылдан аса уақыт болды. Әлі ашылмады. Бұл не сонда, сән үшін бе, әлде көзалдау ма?

Рүстем ЕРЖАНҰЛЫ,
«Қазақтелеком» АҚ-ның қызметкері:

– Ұзынқұлақтан естуімізше, жалпы, әлеуметтанушы ғалымдар мемлекеттің даму дәрежесін елдімекендердегі қоғамдық дәретхананың жағдайымен бағалайды екен. Ендеше, жағдайы көп елдерден ілгері Алматыда бұл мәселе неге шешімін таппайды? Кез келген жерде дәрет сындырып жатқаныша, мәдениетті түрде әжетханаға барған кімге жаман?! Қала көшелеріндегі қоғамдық дәретханалар ашылатын уақыт келді. Уақыт созуға болмайды. Мұның барлығы түптеп келгенде, тазалық қой!

МЕДЕУ АУДАНЫ

«САЯХАТ» ЖЫРЫ жабайы сауда жүргіншілер жолын жауып тұр



Алматылықтар бұрынғы «Саяхат» автовокзалының маңындағы бей-берекет тірлікке шағымданып, редакциямызға хабарласуын тоқтатқан жоқ.

Қала тұрғындарының айтуынша, «Саяхаттың» қасынан төмен қарай Сүйінбай даңғылына бұрылатын тұста «Тұраққа тыйым салынады» деген белгі бар. Бірақ оған жеке көлік жүргізушілер пысықырып та қарап жатқан жоқ. Жолдың бойына қалаған жеріне көліктерін тоқтатып қойып, жолаушы күтуді әдетке айналдырған.

Ол аз десеңіз, тротуарларда стихиялық сауда жалғасып жатыр. «Саяхат» жанындағы алаң қақпамен жабылғаннан кейін, ол маңда такси жүргізушілеріне тұрақ қоюға жағдай жоқ. Қазір бұл жерді құлаққап, телефонның қаптары, т.с.с. секілді ұсақ-түйек заттарын арбаға тиіп алып сауда жасайтындар «ұстап» тұр», – дейді желі қолданушы Азамат Қайыржан. Бұл маңдағы жолдың

барлық бұрышында бейнекамера бар. Патрульдер күніне жүз рет өтіп жатады. Бірақ бұл мәселеге қатысты ешкім ештеңе айтпайды. Демек, бұл әлдекімнің рұқсатымен жүргізіліп отырған шаруа һәм «бизнес».

Әңгіме барысында алматылықтарды «Саяхатты» кім және қандай мақсатпен қиратты?» деген сұрақ та қызықтыруда. «Иә, мұндай бей-берекет тірлік автовокзал бұзылған кезден басталды», – деп еске алған Дәулет Бахытұлы, – мына жабайы сауда жаяу жүргіншілердің жолын жауып тастады. Рұқсат етілмеген тұрақ та кейін пайда болды. Сонда бұған кім жауапты? Полиция қайда қарап отыр? Жалпы, тәртіп сақшылары немен айналысып жүр? Жылда осы көрініс. Бұл Алматы деген алып қаланың атына сын емес пе? – дейді

Біз оқырмандардың сауалдарына жауап беру үшін аудан әкімдігіне сұраныс жібердік.

ТҮЙІН:

Қазір мәселенің көбі әлеуметтік желіде талқыланады. Бүкпесіз ой, дәйек пен дерек те осында жүктеледі. Бірақ мәселе шешімін таппайды? Неге? Өйткені, жауаптылар сырғытпа жауапты жақсы көреді. «Жақсы, мәселе шешіледі» деген сарындағы жауапты жиі естіп, жиі оқимыз. Алайда, нәтиже жоқ. Оқырмандарымыздың жазған шағым-хаттары мен талап-тілектері бұдан былай «Almaty aqshamy» газетінің инстаграм парақшасында да жарияланады. Десек те, сырғытпа жауап – салғырттықтың белгісі екенін ойымызда жүрсе екен дейміз. Ендеше, бізге әлеуметтік желіні халық пен билік арасындағы кері байланысты нығайтатын көпірге айналдыруға неге болмасқа?

Бетті дайындаған Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



ҰЛТ МҮДДЕСІ

«КӨК ЖӘШІКТЕН» НЕ КӨРІП ЖҮРМІЗ?

немесе жасөспірімдерге арналған қазақтілді контент қажет

Биыл – Балалар жылы. Бұл дегеніміз – әр шаңырақта өсіп келе жатқан ұл-қыздарымызға ерекше көңіл бөлу, жарқын болашағын қамтамасыз етуге жасалған нақты әрекет десек болады. Бүлдіршіндерімізді тек ата-ана ғана емес, балабақша, мектептен бөлек бүкіл қоғам болып тәрбиелейтінімізді ескерсек, қазіргі замандағы гаджеттер мен ғаламтор да, теледидар да тәрбие құралы екенін мойындауымыз керек. XX ғасырда баланы ғаламдық жаңалықтардан оқшаулау мүмкін емес. Сондықтан біздің міндет – балалардың дамуына оң әсер ететін сапалы контент ұсыну.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Еліміздің заңнамасына сәйкес 10–19 жас аралығындағы балалар жасөспірімдік кезеңді өткереді. Дәл осы уақыт балалардың нағыз өсіп-жетіліп, жан-жақты дамып, үлкен өмірге аяқ басатын кезеңі. Осындай кезде баланың көрген-білген, санасына сіңірген дүниесі болашағына әсер ететінін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеп қойған.

Қазір кез келген мектеп жасындағы баланың қолындағы телефоннан не көреді екен деп бақылап отырсаңыз, көбінің қарайтыны ғаламтордағы Фри Фаер, Майнкрафт секілді зорлық-зомбылықты, агрессияны насихаттайтын ойындар, одан қалды, сол ойынды өздеріңше дыбыстап сөйлеткен жасөспірім балалардың видеосы YouTube-те толып жүр. Жасөспірім балалардың сөздік қорынан «басына хэт бердім», «е-ма, өлтіріп кетті» деген секілді сөздерді естіген боларсыз? Бұл қазіргі балалар арасында тарап кеткен байланыс тіліне айналып барады. Одан қалды, супермаркеттегі балалар әуес қытырлақ чипсылар мен тәттілерді, слайм, хаги-ваги секілді ойыншықтарды жарнамалайтын жас блогерлердің қызылды-жасылды видео-роликтері желілерде өріп жүр. Ал «tik-tok»-тың бала-шаға көз алмай қарайтын сиқыры бардай. Әрине,

мұның бәріне шектеу қойып, балаларға телефон ұстатпай қоюдан мәселе шешілмейтіні анық. Сондықтан мәселенің оңды шешімі – балаларға қазақ тілінде сапалы контент ұсыну.

Елімізде балаларға арналған кәсіби сапалы контентті кім ұсына алады? Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстандағы қоғамдық даму институты әлеуметтік зерттеу жүргізіп, ата-аналардың арасында сауалнама жүргізген. Сауалнама нәтижесінде ата-аналардың 44 пайыздан астамы балаларының күнделікті ақпаратты теледидар мен ғаламтордан алатынын айтқан, ал 37 пайызы тек интернеттегі бағдарламаларды көреді екен. Ірі қалаларда жүргізілген сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 3 пайызы ғана балаларының теледидарды да, ғаламторды да қарамайтынын айтқан. Осы зерттеулерге сүйеніп, болжам жасасак, еліміздегі жасөспірімдердің жартысынан көбі ақпаратты теледидар мен ғаламтордан алатынын байқаймыз. Алайда, өкінішке орай, біздің елімізде 30 жылдың ішінде әлі күнге дейін жасөспірімдерге арналған контенттің болмауы көкейтесті мәселе болып отыр. Қазақстанда балаларға арналған бір ғана «Балапан» арнасы бар. Оның қамтитын контенті 0–6 аралығындағы бүлдіршіндер. Соңғы жылдары ғана жасөспірімдерге арналған бірен-саран бағдарламалар пайда болды дегенмен бұл



● МАМАН ПІКІРІ

Динара ГАПЛАН,
«Болашақ» корпоративтік қорының өкілі:

БІЗ ДЕ DISNEY-ДІҢ ТӨРІНДЕМІЗ

Біз бүгінге дейін балалардың сапалы контент тұтынуы үшін демеушілерден қаржылай көмек сұрап, шетелдік сапалы фильмдерді дубляждап келдік. Бірақ біз үнемі идеологиямен айналыса алмаймыз. Бұған үкімет мүдделі болуы керек. «Болашақ» корпоративтік қоры үкіметке бірнеше рет ұсыныс-хат жолдаған болатын. Осыдан кейін бізді Парламент мәжілісі жанындағы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылау жөніндегі жұмыс тобына қосты. Біз қазақ тіліне дубляж жасауды қолдау мен дамытуға қатысты біраз ұсыныс енгіздік. Әлемдік анимациялық фильм түсіретін студиялардың орташа бюджеті кемінде 200 млн АҚШ доллары төңірегінде. Мұндай көп қаржыны мемлекет бөле алмайды. Бірақ біз ең болмағанда Disney, Sony Pictures, Marvel, Pixar-дың фильмдерін сапалы аударып беруіміз қажет. Қазақстанда дубляж саласында сапалы мамандар жеткілікті. Қазақтілді дубляжға қызығатындардың саны жыл сайын артып келеді. Дубляж жасауға дубляж актерлері, театр және кино актерлері ғана емес, сонымен қатар теле және радио жүргізушілер, блогерлер, сол сияқты, Динара Сұлтан, Маржан Арапбаева, Индира Еділбаева, Дәурен Сергазин, Әділ Ахметов, Нұрлан Әлімжанов, Данияр Өтеген сынды танымал эшш, актерлер де қатысады. Осы жобаның арқасында бүгінде 100-ден астам отандық актердің есімі Disney-дің дауыстық базасында тұр.

Disney екен. Осылардың арасында Nickelodeon және TiJi телеарналары қазақшаға аударылған. Nickelodeon арнасы 180 елде 40-қа жуық тілде, TiJi 20 елде 14 тілде көрсетіледі.

Бұл екі арнаның да тұсаукесері биыл мамырда өткізілді. Nickelodeon арнасында 2022 жылдың аяғына дейін «Спанч Боб шаршы шалбар», «Құтқарушы күшкітер», «Қауіпті Генри», «Тынымсыз балақайлар», «Сэм мен Кэт» сияқты анимациялық 354 туынды көрсетіледі. Бұл арнаның көрермені жас ерекшелігіне қарай: 0–6 жас арасы, 6+ жастан асқан балалар және 12+ жастан асқан мектеп оқушылары болып бөлінеді.

Отбасы институты зерттеу орталығының өкілі Айгүл Ракишеваның мәліметінше, TiJi контенті «Қазақфильм» АҚ студиясында, ал Nickelodeon контенті Алматы мен Нұр-Сұлтандағы бірнеше студияда аударылып, дубляждalған. «Еліміздегі телеарналар қазіргі кезде аударма мәселесіне, дубляждау мен актер тандау процесіне мұқият мән береді. Олар үшін әр сөз маңызды, дубляж актерінің дауысы ғана емес, кейіпкердің мінезіне сәйкестігі де тексеріледі», – дейді ол.

Nickelodeon, TiJi арналарының қазақ тіліне аударылғаны әрине, жақсы. Дегенмен, қазіргі таңда қазақ баласы Голливудтың фильмдерін де ана тілімізде көруге қақылы. Балалар үшін ең кереметі – Walt Disney туындылары. Өйткені, балаларға арналған фильмдер шығарудың көшбасшысы Walt Disney фильмдері қашан да өмірлік құндылықтар тамаша насихатталады. Ең бастысы, әлемдік студияның картиналары өте сапалы. Жалпы, болашақта Walt Disney, Sony Pictures, Marvel, Pixar секілді ең керемет әлемдік деңгейдегі студиялардың туындылары қазақ тілінде балаларымызға қолжетімді болса құба-құп болар еді.



еліміздегі жасөспірімдердің қажеттілігін қамтамасыз ете алмайды.

Быттыр ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мультипликациясы дамыған әлемдік арналардың контентін сатып алып, қазақшаға аударуды бастаған болатын. Мемлекеттік тапсырысты орындау Қазақстандық қоғамдық даму институтына жүктелді. Бұған министрлік 2021 жылы бюджеттен 606,1 млн теңге, 2022 жылы 861,5 млн теңге бөлді.

Еліміздегі Отбасы институтын зерттеу орталығы жүргізген зерттеулерге сәйкес қазақстандық бала-

лардың ең жиі көретін телеарналары «Балапан», «Мульт», «Карусель», Nickelodeon, CartoonNetwork, TiJi, GulliGirl, «Мультимания», «Детский» және

Қорыта айтқанда, Қазақстан кинотеатрларында балаларға арналған контент өте аз, соның ішінде қазақша фильмдер мүлдем жоқтың қасы. Бұл мәселені шешуге Үкімет араласып, кинематография туралы заңға өзгеріс енгізу қажет. Балалардың сүйікті кейіпкерлерін қазақша сөйлеткенде ғана қазақ тілінің мәйегін сақтап қалмақпыз.



● КЕРЕК ДЕРЕК

«Болашақ» корпоративтік қоры «Меломан» компаниясымен бірлесіп 2011 жылдан бері Голливуд фильмдерін қазақ тіліне аударып, дубляждаумен айналысып келеді. Соңғы 10 жылда қор мамандары Disney, Sony Pictures, Marvel, Lucas Films, Bazelevs және тағы басқа голливудтық студиялардың 38 кинокартинасына дубляж жасаған. Олардың қатарында «Көліктер 2/Тачки 2», «Батыл жүрек/Храброе сердце», «Жаңа Өрмекші адам/Новый человек-паук», «Малефисента», «Күлбике/Золушка», «Джунгли кітабы/Книга джунглей», «Моана», «Алиса айнаның арғы бетінде/Алиса в Зазеркалье», «Ральф интернетке қарсы/Ральф против интернета», «Аладдин», «Мұзды өлке 2/Холодное сердце 2» сынды өзге де анимациялық және көркем фильмдер бар.



САРАПТАМА

ТЕҢГЕ «ТАҒЫНАН» ТАЯ МА?

Ұлттық валюта рубльге теңеседі деген қатер жоқ

Әлемдік қаржы-экономикалық жағдай күн сайын құбылуда. Әлбетте оған жаһандық саясаттағы оқиғалар, саяси блоктар арасындағы тартыс, бәрінен бұрын әлемдік экономикадағы өліспей-беріспейтін бәсеке тікелей әсер етуде.



Өмірзақ
МҰҚАЙ

Шығыс Еуропадағы соғыс өз алдына, әлемдік қаржылық ахуалға тікелей әсер ететін басқа да факторлар баршылық. Ол туралы сөз соңынан.

Әзірге бәрібір бұл орайда Батыстың Ресейге салған, тіпті одан әрі де салына беруі мүмкін санкциялар тасқыны алдымен ауызға алынады.

Төл валютамызға келсек, Қазақстанда санкция жоқ, мұнай сыртқа тоқтаусыз, кедергісіз сатылуда, орасан зор мөлшерде алтын валюта резерві бар.

Еуразиялық одақтағы басты әріптесіміздің валютасы теңгеге шаққанда арзандап, керісінше теңгенің долларға бағамы біршама нығайғаны байқалады.

Теңге құлдырап, рубльге теңеседі деген қатер жоқ. Шетел валютасының елге көптеп келуіне байланысты бағам бұрынғы қалпында сақталады дейді сарапшылар.

Оның басты мүмкіндігі есебінде біздің еліміздің сыртқы саясаттағы бейтараптығы алдымен ауызға алынады.

Қалай дегенмен де валюта нарқында ерекше жағдай байқалады. Ұлттық валюта арзандаса да, мұнай қымбаттауда. Бұған дейін қазақ теңгесінің тағдыры тікелей мұнай бағасының қымбаттауына байланысты делінетін.



Алайда, әзірге олай болмай тұр. Бұл да әлемдік экономикада бұрын байқалмаған құбылыс. Әрі оны әр сарапшы өзінше түсіндіреді.

Осының алдында ғана теңге біршама нығайды. Шынтуайтына келгенде, теңгенің күшеюі рубльдің сан құбылуына байланысты. Ол да валюта сарапшыларының басты назарда ұстап отырған бір мәселесі.

Қалай десек те, теңге бағамының құбылуына Ресейдегі импорттың құлдырауы тікелей әсер етуге тиіс. Себебі, Қазақстанның ішкі қаржылық экономикалық жағдайы Еуразиялық одақтағы әріптестерінің жағдайына тікелей байланысты.

Бір дау тудырмайтын мәселе – елдегі қаржы-экономикалық жағдайға тікелей әсер ететін біршама сыртқы факторлар бар. Алдымен инфляция күшейіп тұр. Оған жауап есебінде қаржылық жағдайға барынша нақтылық қажет.

Қазақстан үстіміздегі жылдың алғашқы үш айында 2,2 миллиард доллар көлемінде төлем теңгерімінің профицитті есебін жасады.

Алдымен төл валютаға тигізер рубльдің әсеріне басты назар аудару керек. Атап айтқанда, көрші ел валюта нарығындағы шектеулерін қаперден шығарса, олардың валютасының бағасы арзандайды. Ал ол біздің теңгенің тағдырына тікелей әсер етеді.

Тағы да бір фактор мынау: қалай десек те, біз белгілікті бір деңгейге

ресейлік импортқа тәуелдіміз. Алдымен соны ескеру керек. Мәселе бізге пайдалы жағдайда шешілсе, теңгенің рубльге тәуелділігі де жойылады.

Қазірдің өзінде мұндай оңтайлы тенденцияның алғышарттары байқалуда. Сыртқы саудада долларға шектеу қоюына байланысты Ресей азаматтары АҚШ валютасына балама бола алатын жаңа валюта түрін іздестіре бастады.

Олардың ішінде қазақ теңгесі де бар. Бұл да болса біздің еліміздің қаржылық-экономикалық жағдайына оңтайлы әсер ететін тенденцияның бірі.

Жасыратыны жоқ, қазіргі құбылмалы нарық жағдайында теңге бағамына нақты болжам жасау мүмкін емес. Алайда, мұнай бағасының көтерілуіне және т.б. жағдайларға байланысты болашақтан үміт күтетін жайымыз бар тәрізді.

Елдегі бүгінгі қаржылық жағдайдың бағдары осындай. Қазақстан қор биржасы соңғы кездегі өзгерістерге байланысты күніне екі мәрте теңгенің долларға шаққандағы бағамын көрсететін болды.

Соған сәйкес дәл бүгінгі жағдай көңілді күпті қылмай, тыныштандыруға толық жетеді. Бүгінгі бағам 431,54 теңге.

Егер қаржылық жағдай осы қалпында сақталса, онда ол ел экономикасының бірқалыпты дамуына мүмкіндік тудырмақ.

Қаржы сарапшыларының бүгінгі болжамы осындай.

КЕРЕК ДЕРЕК



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Қазақстан Ұлттық банкі» АҚ:

- call-орталығы операторын іздейді. Тел.: 8 747 693 79 38.

«Eco Center Bank»:

- call-орталығы операторларын іздейді. Тел.: 8 701 948 15 09.

«Банк Хоум Кредит»:

- call-орталығы операторларын іздейді. Тел.: 8 778 913 99 28.

«Нәзік» ЖШС-ға:

- сатушы-кассирлер;
- кондитерлер;
- наубайшылар;
- аспаздар керек. Тел.: 8 (727) 233-18-00.

«Зоомакет» ЖК-ге:

- бухгалтер керек. Тел.: 8 701 733 54 02.

Күзет агенттігіне:

- күзетшілер қажет. Тел.: 8 707 427 00 19.

«ADAL CYT» ЖШС-ға:

- А санатты супервайзер керек. Тел.: 8 702 777 96 63.

«MEREY 2030» ЖШС-ға:

- желдету жүйесінің қызметі бойынша маман;
- аула сыпырушы керек. Тел.: 8 701 760 01 84.

«Медсервис Хирургия» ЖШС-ға:

- санитаркалар қажет. Тел.: 8 701 451 35 10.

«GAUF Group» ЖШС-ға:

- сауда өкілі;
- қойма меңгерушісі;
- жүк тиеушілер;
- офис-менеджер;
- карщик керек. Тел.: 8 708 821 07 81.

«Алматыэлектротранс» ЖШС-ға:

- автобус пен троллейбус жүргізушілері қажет. Тел.: 8 777 396 65 18.

«SMALL»

- супермаркетіне:
- кассирлер;
- сатушылар;
- наубайшылар;
- жүк тиеушілер керек. Тел.: 8 771 775 65 61.

«Қазақстан» қонақүйіне:

- даяшылар;
- кондитерлер;
- наубайшылар;
- салқын және ыстық цех аспаздары;
- грильге аспаз керек. Тел.: 8 701 650 00 66.

«Bekker и К»

- компаниясына:
- сатушы-кассир;
- полуфабрикаттар дайындаушылар;
- наубайшылар;
- кондитерлер;
- жүк тиеушілер керек. Тел.: 8 701 888 10 71.

«JLC сүт» ЖШС-ға:

- қоймашы;
- жүк тиеуші;
- жүргізушілер керек. Тел.: 8 771 762 09 41.

СӘТТІЛІК СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Алматылық Арайлым Қырғызбекова «Almaty Business-2025» өңірлік бағдарламасы бойынша балабақша жұмысын жандандыруға жылдық 6% мөлшерлеменен 9 млн теңге көлемінде жеңілдетілген несие алды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бұл балабақшада британдық білім беру жүйесі енгізілген. Ол өскелең ұрпақты тәрбиелеудің көпжылдық дәстүріне негізделген және әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады. Аталған жүйенің ерекшелігі – мұнда балдырғандар әдеттегі тәрбие-дағдылармен бірге өзін қоршаған әлемді түрлі ойындар көмегімен танитын болады. Әр балаға жеке көңіл бөлінеді, оның дайындық деңгейі, ойлау және есте сақтау қабілеті, қоршаған ортаны қабылдауы, бәрі-бәрі ескеріледі.

– Бізде қазақ тіліне де айқын басымдық беріледі, ағылшын тілінде оқытамыз. Оны шетелдіктер үйретеді. Айкидо, хореография, музыка, baby yoga, шахмат секциялары бар. Балабақшадағы тағы бір артықшылық – әр топтағы бала саны 12-ден аспайды. Ал



бұл әр балақайға жеке-жеке көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Біздің мақсат – өз бетінше ойлайтын, зерттейтін және ой-пікірін жеткізе алатын адамды тәрбиелеу, – дейді балабақша директоры Арайлым Қырғызбекова.

Сонымен қатар, балабақша демалыс күндері де жұмыс істейді. Бұл сенбі, жексенбіде де жұмыс істейтін немесе аяқастынан иссапарға кететін, өмірдің түрлі жағдайларымен шұғыл жолға шығатын ата-аналар үшін өте қолайлы. Алматы қаласы бойынша тұңғыш рет мектепке

дейінгі білім беру мекемесінде балалардың балабақшада болған кезін сақтандыру жүйесі енгізілді. Бұл да ата-аналар көңілінен шықты.

– Бүгінде Қазақстанда жеке бизнесімді жүргіземін деген адамдар үшін барлық жағдай жасалған. Бұл тұрғыда мемлекет ұсынып отырған мүмкіндіктің барлық тиімді жолын пайдалануға тырысамын. Мен алғаш рет осыдан бір жыл бұрын «Almaty Business-2025» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген несие алдым. Сол кезде 10 млн теңге

мөлшеріндегі қаражатқа балаларды тасымалдау үшін көлік сатып алдым. Қызметкерлердің жалақысы «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы бойынша ішінара субсидияланды. Сондай-ақ, біз «Балапан» бағдарламасының қатысушысымыз. Ол бойынша ата-аналардың білім алуға жұмсаған шығындарының бір бөлігін мемлекет өтейді. Бұл өз ісін тұрақты дамыту үшін пайдалануға болатын және қажет болатын бизнес үшін үлкен қолдау, – дейді Арайлым.

Осы орайда айта кетсек, кәсіпке бет бұрғысы келетін жандар осы бағыттағы мемлекет ұсынып отырған бағдарламалар туралы толыққанды кеңес алуға «Qolday» кәсіпкерлік орталығынан көмек сұрауына әбден болады. Бұл орталықтан бизнесін енді ғана бастағандар да, жұмыс істеп тұрған кәсібін дөңгелеткісі келетіндер де жүгіне алады. Бизнес-жоспар жазуға тапсырыс беруге, кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өтіп, бизнес-идеяларды іске асыру үшін белгілі бір рұқсат құжаттарын ала алады. Іске сәт болсын!

АҚЫЛ МЕН ОЙ ӘЛЕМІ

Алматы қаласы бойынша тұңғыш рет мектепке дейінгі білім беру мекемесінде балалардың балабақшада болған кезін сақтандыру жүйесі енгізілді



ІС-ШАРА



Қазақ ұлттық аграрлық университетінде дәстүрлі Халықаралық жазғы мектептің ашылу салтанаты өтті. Онлайн, офлайн форматтағы іс-шарада Америка, Еуропа, Тынық мұхит, Орталық Азия мемлекеттері мен ТМД-дан келген 33 елдің өкілдері қатысты.

ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Ақтолқын ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Биылғы Халықаралық жазғы мектеп офлайн режимде өтуде. Онда қатысушылар білім көкжиегін кеңейтіп, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы инновациялық технологиялармен таныса алады», – деп атап өтті ҚазҰАЗУ Басқарма төрағасы-ректоры, Ұлттық академияның вице-президенті, академик Тілектес Есполов.

Халықаралық Жазғы мектеп бірнеше ғылыми бағытты қамтып, «Табиғи ресурстарды бағалау және басқару мәселелері», «Жасыл экономика», «Ауыл шаруашылығындағы инновациялық технологиялар мен техникалық құралдар», «Жер және орман ресурстарын басқару» секілді тақырыптарда ой қозғайды. Барлық тыңдаушы арнайы пәндер бойынша 5 ECTS алатын болады. Жазғы мектеп аясында жас ғалымдар STARTUP жобалардың онлайн-байқауына қатыса алады. Үздік жобалар марапатталып, арнайы сертификаттар беріледі.

«Осы екі апта біз үшін өте мазмұнды және қызықты болатынына сенімдімін. Халықаралық жазғы мектептің қатысушылары инновациялық орталықтарда, университеттің және ғылыми ұйымдардың зерттеу зертханаларында, озық шаруашылықтар мен кәсіпорындарда білім алып қана қоймай,

қаламен танысып, театрларға, мұражайларға, көрмелерге және басқа да көрікті жерлерге бара алады», – дейді Т.Есполов.

Жазғы мектеп аясында азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының халықаралық форумы өтті. Отырыс 75 жылдық мерейтойын жақында ғана атап өткен ҚР Ұлттық Ғылым академиясының «Ғылым ордасында» ұйымдастырылды. Іс-шараның модераторы Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының байланыс аға офицері Манафи Абдулла Мутуало болды.

15 маусым күні «Зерттеу университетінің Қазақстандық моделі – дамудың 20 жылдық тәжірибесі» форумы және ТМД-ның жетекші аграрлық ЖОО ректорлары кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Ұлыбританияда жарық көрген «Зерттеу университетінің Қазақстандық моделі», «ҚазҰАЗУ – дұрыс тамақтану және қоршаған орта саласындағы әлемдік деңгейдегі жетекші университет» атты жаңа кітаптардың таныстырылымы үш тілде өтті.

Осы форум аясында өтетін тағы бір ауқымды іс-шара – 2023 жылғы QS бас рейтингісінде жоғары орындарға ие болған 14 қазақстандық ЖОО-ға естелік белгілерін табыстау рәсімі. Сыйлықты QS Орталық Азия және Шығыс Еуропа бойынша аймақтық директоры Христолюбков Сергей Владимирович өзі табыстамақ.

ЖЕЛІ

Мобильді қосымша іске қосылады

Биылдан бастап қазақстандық жоғары сынып оқушыларына арналған мобильді қосымша әзірленетін болды. Бұл қосымша арқылы жастар оқу орындары, мемлекеттік және басқа да гранттық бағдарламалар туралы толық ақпарат алумен қатар, өңірлердегі бос жұмыс орындары туралы да ақпарат алуларына болады.

Сонымен қатар, «Азаматтық бастамаларды қолдау» орталығында «Кәсіптік бағдар беруге, жастарды еңбек нарығының қажеттіліктері туралы ақпараттандыруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыру» жобасы таныстырылатын болады. Мұнда жастардың болашақ мамандықтарын таңдауына қолдау көрсетіледі.

Қазақстан Студенттер альянсының президенті Илияс Түстікбаев гранттық жоба аясында елімізде алғаш рет талапкерлерге қажетті ақпараттар жиналған қосымша пайда болатынын айта келе, «Бізге талапкерлер тарапынан ЖОО, колледж сайттарына шағымдар көп келеді. Жастар өздеріне қажетті ақпаратты таба алмайтындығын, кейбір сайттардың құрылымы өте күрделі екендігін айтады. Осыдан

соң біз биыл жаңа қосымшаны әзірлеуді ұйғардық.

Онда еліміздің жоғары оқу орындары, колледждері, мемлекеттік және басқа да білім беру гранттары, стипендиялар, сондай-ақ, аймақтардағы бос жұмыс орындары туралы ақпарат ұсынатын болады. Қосымшаны әзірлеу мақсатында біз «Атамекен» ҰКП, ҚР Білім және ғылым министрлігі, университеттер, колледждер, білім басқармалары, өңірлердің жұмыспен қамту орталықтарының мамандарын жұмысқа тартуды жоспарлап отырмыз. Біздің қосымшамыз жоғары сынып оқушыларына болашақ мамандығын, оқу орнын таңдауға көмектеседі», – деп атап өтті. Сонымен, жаңа қосымша мемлекеттік және орыс тілдерінде қолжетімді болып, алдағы бір-екі ай ішінде іске қосылатын болады.

ЛАГЕРЬ

БАЛАЛАР ҚАЙДА ДЕМАЛАДЫ?

Биыл 280 162 қала оқушылары үшін жазғы демалыс ұйымдастырылмақ

Мектеп оқушылары үшін қызығы мол жазғы демалыстың уақыты басталып та кетті. Жыл бойғы үздіксіз оқу мен тынымсыз ізденістен соң, баланың ағзасы демалысты қажет ететіні табиғи заңдылық. Оның үстіне, қазіргідей ақпараттар ағынына толы қоғамда баланың бір ауық таза ауада, қаланың шулы ортасынан алыста демалғаны жөн. Соңғы жылдары Алматы қаласы әкімшілігі оқушылардың жазғы демалысының маңызды өтуіне ерекше көңіл бөліп келеді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Биылғы жылы Алматы қалалық әкімшілігі балалардың жазғы демалысына 270 млн теңге бөліп, балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін біршама іс-шаралар ұйымдастырылды. Қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Әуезханқызының айтуынша, барлық мектеп басшылары жазғы демалыс басталмай тұрып, ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізген. Онда балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қатысты сақтық шараларын сақтау мәселесі қатаң ескерілген көрінеді. Сонымен қатар, мұндай түсіндіру жұмыстары сауықтыру-демалыс орталықтарында балалармен жұмыс жүргізетін педагогтармен де жүргізілген. Бірінші кезекте балалардың өмір қауіпсіздігі тұрғандықтан, жауапкершілікті терең сезіну – міндет.

Сонымен қатар, басқарма басшысы мемлекет есебінен демалатын санаттар қатарында 2928 әлеуметтік аз қамтылған отбасы мен көпбалалы отбасы балалары, 200 ата-ана қамқорынан тыс қалған

балалар, 200 ерекше білім беруді қажет ететін балалар бар екенін айтты. Маусымның алғашқы күні Алмалы мен Медеу аудандарының аз қамтылған отбасынан 420 бала қала сыртындағы демалыс орталығына аттанса, Жетісу мен Наурызбай аудандарының 80 баласы да тауда демалатын болады. Осылайша Алматының 8 ауданында тұратын мектеп оқушылары өздерінің жазғы демалыстарын тиімді етіп өткізбекші.

Оқу жылы аяқтала салысымен, қала мектептерінің жанынан ашылған 1–4-сынып оқушыларына арналған жазғы лагерьлер жұмысы да қызу жүріп жатыр. Дәл қазір Алматы қаласы мектептерінде ашылған 200-ден астам жазғы лагерьде 40 мыңнан астам бала демалып жатыр. Олар қаламыздың көрікті жерлеріне саяхаттайды, мұражайлар мен саябақтарды аралайды. Мектеп жанындағы лагерьлер бір мезгіл ыстық тамақпен де қамтылған. Сонымен қатар, 40-тан астам білім беру ұйымында 8094 оқушы-

ны қамтитын аула клубтарының жұмыстары да жүйелі түрде жүріп жатыр. Баланы бір мезгіл еңбекке баулыған жөн екенін айтады олар.

Ата-аналар 23 470 баланы еңбекке баулу үшін (абаттандыру және көгалдандыру, мектеп орман шаруашылығы бригадалары) жұмыстарына тартуды қолға алуда.

Биылғы жазда 46 116 қала балалары ата-аналарымен туристік саяхатқа шығуды жоспарлап отыр. Қала маңындағы сауықтыру-демалыс орталықтарында балалар таза ауамен демалып қана қоймай, қоршаған ортаны қорғауды да үйретіні болады. Сондықтан бес мыңнан астам баланы қамтитын қала маңындағы экологиялық лагерьлер жұмысының маңыздылығы да осында болып тұр. Қалалық Оқушылар сарайы, «Жас техниктер» мен «Жас натуралистер» станциясы, 8 аудандағы Оқушылар үйлерінің жұмысы жаз бойы жалғаса бермек. Осы мекемелердегі 3770 үйірмеге дәл қазір 81 637 бала қатысып жатыр.

БАЛБӨБЕК

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БАЛАБАҚША

Биылғы Балалар жылына №109 бөбекжай-балабақшаның кішкентай бүлдіршіндері де өзіндік үлестерін қосып жатыр. «Қызғалдақ» мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Перизат Жақсылыққызының ұйымдастырумен өткен «Біз білімді баламыз» атты интеллектуалды іс-шараға балабақшаның ересек және мектепалды даярлық топтарының бүлдіршіндері қатысты.



Балақайлар жинақтаған білімдерін дәстүрлі емес технологиялар арқылы дәлелдеп, таным дүниелерінің тереңдігін көрсетті. Сондай-ақ, топпен жұмыс істей отырып, өзгенің пікірін құрметтеуге, бірлесіп еңбектенуіне отырып, ұйымшылдыққа үйренді.

Интеллектуалды ойындар балалар жасына сай, 5 кезеңді қамты-

ды. Алдымен олар өз топтарын таныстырып, келесі кезеңде ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған тапсырманы орындады. Өріптерді түзді. Сосын топ басшыларымен бірге қызықты сынақтардан өтіп, балаларға арналған конструкторлар арқылы бірлескен тапсырмаларды орындады. Бұл кезеңде балалардың топпен жұмыс істей алу қабілеттері

басты назарға алынды. Шешуші кезеңде балалар 3Д қаламдар арқылы геометриялық фигуралардың пішіндерін кеңістікте бейнелей білумен ерекшеленді.

Шара соңында балабақша меңгерушісі Орынбасар Мекебайқызы барлық бүлдіршінді Балалар жылымен құттықтап, белсенді топтарға естелік сыйлықтар табыстады.

ШЕШІМ

Бастауыш сыныптан бастап шет тілін оқыту мәселесі төңірегінде әңгіме көп айтылып жүр. Кей ата-ана «дәл осы кезде баланың қабылдау қабілеті ерекше болады, шет тілін оқығаны жөн» десе, енді бір тобы «бала өз ана тілін жетік білгеннен кейін ғана, өзге тілді үйренуі керек», – дейді.

«ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ!»

Осыған орай, Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов бастауыш сыныпта үш тілді оқыту жүйесіне енгізілген өзгерістерге байланысты өз ойын ортаға салды. Министрдің айтуынша, көптеген зерттеулер барысында бастауыш сынып оқушыларына үш тілді бірден қабылдау оңайға түспеген көрінеді. Осы мәселеден соң министрлік нақты шешім қабылдап отыр. Жақында қабылдануы тиіс жүйеге

сәйкес, енді қазақтілді мектептердің 1-сынып оқушысы алдымен өз ана тілінде әріп танып, оқып үйренуі тиіс. Осылайша екінші сыныпта орыс тілі, үшінші сыныпта ағылшын тілі енгізілмекші. Орыс мектебінде оқитын оқушылар 1-сыныпта орыс, қазақ тілдерін оқыса, үшінші сыныптан бастап ағылшын тілін қоса меңгереді болады.

Бетті дайындаған
Рая ЕСКЕНДІР.



АДАМ ЖӘНЕ ЗАҢ

ЖАСӨСПІРІМ ЖАЗА БАССА – АТА-АНА ЖАУАПТЫ

Жасөспірімдердің кез келген іс-әрекеті, қазіргі таңымы мен тынысы үнемі қоғам назарында. Десек те, олардың қатысуы арқылы орын алған құқық бұзушылық пен қылмыс әлі де тыйылмай тұр. Балалардың 9-10 жастан кәмелетке толғанға дейінгі өмірі өтпелі кез екені белгілі. Осы кезде жасөспірімдердің бойында шектен тыс еркіндікке бой алдыру, мінез-құлықтарында да өзгешеліктер байқала бастайды. Кәмелеттік жасқа толмаған кейбір жасөспірімдер санасындағы мұндай өзгерістер, тіпті, олардың қылмысқа барып, қылмыскер атануына әкеліп соғады. Ал қылмыскер – қоғам үшін қай кезде де қауіпті екені белгілі. Көбіне әлеуметтік теңсіздік пен отбасындағы түрлі жағдайлар бала тағдырына әсер етіп, осылайша бұл кезең ол үшін сын сағатына айналады.

Жастайынан қылмыскер болып, өмірдің ең керемет кезі балалық шағын тас қапастың ар жағында өткізу олар үшін де оңай емес. Тіпті, солардың арасында қоғамға қатыгездікпен қарайтындар да табылады. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың себебі жоғарыда айтылғандай әлеуметтік қиындықтар, қоғамдық жағдайлар мен тәрбиенің әлсіздігінен болуы әбден мүмкін. Әлде, заң әлсіз бе?

Қылмыстық кодекстің 81-бабында кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері анық көрсетілген. Олар: белгілі бір қызметпен айналысу, айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру. Соңғысы 10 жылдан аспайтын, ал адам өлтіру немесе терроризм секілді ауыр қылмыстар 12 жылдан аспайтын мерзімге тағайындалуы мүмкін делінген. Яғни Заң бойынша, кәмелетке толмағандарға тағайындалатын ең ауыр жаза – 12 жылдан асырмай бас бостандығынан айыру. Бұл дегеніңіз, оң-солын енді біліп келе жатқан бала үшін едәуір ұзақ мерзім. Ал «жасы кәмелетке толмағандар орташа ауырлықта қылмыс жасаса, оған бас бостандығы еркінен айыру жазасы берілмейді» делінген Заңның өзінде. Бас бостандығынан айырмай-ақ басқа жаза беріп, тәрбиелік жұмыстар да қарастырылады. Қылмыстық кодекстің 82-бабында қылмыстық жазадан босату мәселелері де көрсетілген. Ресми деректерде соттың қарауына түсетін балалар қылмысының дені – ұрлық пен тонау. Басқаның мүлкін жасырын жымқыру әрекетіне баратындардың көпшілігі толық емес отбасынан шыққан немесе ата-ананың қарауынсыз қалған балалар.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жасөспірімдерді әлеуметтік тәртіп пен ережелерді бұзуға не итермелейді? Қылмысқа баруына не түрткі?

«Жасөспірімдердің қылмысқа бару себептері әртүрлі. Оған әсер ететін себептерді биологиялық, психологиялық, әлеуметтік деп қарастыруға болады. Күнделікті өмірде болып жатқан өзгерістер баланың дүниеге деген көзқарасына әсер етпей қоймайды. Жасөспірімдік кезеңде мінез-құлқы мен әрекеттері саналы әрі жігерлі түрде жүзеге асып, осыған орай оларға неғұрлым жоғары талаптар қойылады. Тіпті, олардың азғаларындағы биологиялық өзгерістердің өзі психикалық дамуына да әсер етеді. Жеткіншекте әр нәрсеге қызығушылық немесе көңілі толмаушылық, айналасындағыларға сыни көзбен қарау пайда болады. Мінезінде түрлі ерекшеліктер байқалып, қылықтары өзгереді. Бала тәрбиесіне ең алдымен отбасы, мектеп және әлеуметтік ортасы ықпал етеді. Отбасындағы негізгі тәрбиеге – ата-ана, мектепте – мұғалім, ал әлеуметтік ортасында – достары және араласатын адамдары әсер береді. Ата-ана тарапынан жасөспірім кезеңдегі баланың тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Бала үшін осы ке-

зеңде «беделді» тұлғалар маңызды болады. Кездейсоқ оқиғалар, сыныпта, көшеде өзін-өзі көрсетуі, басқалардың алдында «өзін жоғары» ұстау маңызды болып көрінеді. Осы өтпелі кезеңде жасөспірімнің өз-өзіне шектен тыс сенімділігі жауапкершілікті азайтып, құқық бұзушылық тудырады. Бала үшін сыртқы және ішкі психикалық күйлердің тепе-теңдікте болмауы эмоциялық күйі мен сезіміне әсер етіп, қоғамда өзін қалыптастыруда кері әсерін тигізеді. Сондықтан әлеуметтік ортада жасөспірімнің бейімділігін толыққанды қалыптастыруда мұғалім білікті жетекші, әлеуметтік орта өзара жақсы қарым-қатынас жасай білсе, бастысы ата-ана қолдау танытса, көбінесе өтпелі кезеңде жасөспірім ұшырайтын келеңсіз оқиғалардың алдын алуға болады», – дейді психолог Қарлығаш Қайырбекқызы.

ЖЕР-ЖАҢАН

АҚШ-та жасөспірімдерге арналған 3 мыңнан астам түзету мекемесі бар. Ол елде қылмыс жасады ма, қылмыскердің жасына қарап жатпайды. Бірден жазасын өтеу үшін түрмеге тоғытады. Ал Германияда балалар колониясы мүлдем жоқ. Ересектерге арналған түрмелердің жанында жекелеген бөлімдер бар. Ол жерде 14–21 жас аралығындағы жастар жазасын өтейді. Ішінде кітапханалар, білім беретін сыныптар мен спортзалдар, медициналық мекемелер бар.



Германия. Адельсхаймдағы кәмелетке толмағандар түрмесі.

ПОЛИЦИЯ

«30 ИГІ ІС» жобасы басталды

Алматыда Қазақстан полициясының 30 жылдығы аясында игі істер марафоны басталды. «30 игі іс» науқаны қоғам үшін мақсатты шараларға, қайырымды және игі істерге бағытталған.

«Таңдау жеке ерекшеліктері бар көпбалалы отбасылардың балаларына түсті. Балаларды қорғау күні оларға қонаққа бардық. Олар мере-

кені оңалту орталығының ғимаратында атап өтті, біз балалар үшін анимациялық шоу ұйымдастырдық. 40-тан астам бала қызықты эксперименттерге қатысып, балмұздақ әзірледі, мультфильм кейіпкерлерімен ойындар ойнады», – деді, Алматы қалалық ПД Тергеу басқармасының бастығы, полиция подполковнигі Мұхамедәлі Сейсенұлы.

ҚЫЛМЫС

ЕСІРТКІНІ ЖАРНАМАЛАҒАН ТҰРҒЫН ҰСТАЛДЫ



Түркісіб ауданында полиция қызметкерлері арнайы іс-шара жүргізді. Полиция департаментінің ақпараты бойынша, күдікті бұған дейін де есірткі қылмысы үшін істі болған.

«Ш. есімді азамат бұған дейін, дәлірек айтсақ, 2008 жылы есірткі қылмысы үшін сотты болды және жазасын өтеді. Қаскөй қайтадан бұрынғы ісін қолға алып, қылмыстық заңнаманы бұзды. Қазір ол есірткіні онлайн сатып алуға болатын ресурстарға трафареттік жарнамаларды салатын «суретші». Күдікті бір аптадан ас-

орынбасары Сағындық Аяғанов.

Ш. есімді азаматты тексеру барысында бірнеше сайттардың мекенжайлары жазылған трафареттер мен бояулар табылып, тәркіленді. Оның іс-әрекеті ҚР ҚК-нің 299-1 бабымен сараланды. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды немесе олардың аналогтарын, прекурсорларын насихаттағаны немесе заңсыз жарнамалағаны үшін 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады.

Дайындаған
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ӘДЕП

КӘСІБИЛІК ПЕН ӘДІЛДІК

мемлекеттік қызметшінің имиджін көрсетеді

Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы мен әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы тиіс. Бұл – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Қызметшінің кәсібилік деңгейі мен адамгершілік қасиеттері қатар тұру керек. Сондықтан бүгінгі күні мемлекеттік қызметшінің әдеби мен мінез-құлық мәселелеріне үлкен мән берілуде. Кәсібилік пен әдептілік қосылып, мемлекеттік қызметшінің тұтас имиджін көрсетеді. Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы мен әділдігі қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуға мүмкіндік береді.

Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілінің жыл бекітілген жоспарына сәйкес, аппараттың мемлекеттік қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік, қылмыстық және әкімшілік бұзушылықтардың алдын алу мақсатында еңбек және орындаушылық тәртіпті сақтау мәселесі бойынша тұрақты түрде жеке қабылдаулар, «деңгелек үстелдер» мен семинарлар өткізіледі. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау қажеттілігі және жол берілген бұзушылықтар үшін тәртіптік жауапкершілік шаралары қолданылатындығы туралы ескертіледі.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жүйелі түрде қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, сондай-ақ бөлім қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізіледі.

Жарқын болашағымызды достықта, келісімде және бірлікте құрудың аса маңыздылығын түсінеміз. Әрбір қоғам дамуында көлеңкелі тұстар да қатар жүретіндіктен, елімізде әлеуметтік хал-ахуалды жақсартып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуді, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалынып жатқан кезде, әр мемлекеттік қызметші азаматтардың мүддесін бәрінен жоғары қоюы керек және жүктелген міндеттемелерді адал орындауды өз міндеті деп санауы тиіс.

Күлия ҚАБІЛМӘЛІКҚЫЗЫ,
Алмалы ауданы әкімі аппаратының басшысы.



СПОРТТЫҚ ТУРИЗМ

«БӘРІМІЗДІҢ ҚОЛЫМЫЗДАН
КЕЛЕДІ»Дуатлон – жарыс қашықтығын жартылай жаяу жүгіріп,
жартылай велосипедпен жүріп өтетін спорт түрі27 жастағы алматылық Нияз Жанұзақов
#Дуатлонқолымнанкеледі челленджін аяқтады.

Алматылық спортшы Гониман қашықтығын жүзүсіз – дуатлонмен жүріп өтті. Айта кеткен жөн, дуатлон – жарыс қашықтығын жартылай жаяу жүгіріп, жартылай велосипедпен жүріп өтетін спорт түрі.

Ол 26 маусымнан бастап Алматы мен Түркістан арасындағы тасжолдың 180 шақырымын велосипедпен, 42 шақырымын жаяу жүгіріп өтті. Нәтижесінде Нияз 4 күн ішінде 867 шақырымнан астам жолды бағындырды. Челлендж кезінде спортшы Шымкент және Түркістан қалаларына соғып, саяхатының соңғы түні Кентау су қоймасының жағасындағы тұраққа тұрақтады. Дуатлоншы бұл челленджімен адамдарда күнделікті жаттығудың арқасында пайда болатын шексіз



мүмкіндіктерді көрсеткісі келді. Мақсаты – әртүрлі жастағы қазақстандықтарды спортпен шұғылдануға шабыттандыру және Қазақстанда спорттық туризмді дамытудың мүмкіндіктерін ашу.

«Біз марафонның төрт күнінде командалықпен көптеген жағдайға тап болдық. Қатты ыстықта да, төпелеген жаңбырда да жүруге тура келді. Демалатын кезде өзіміз құрған дала лагерінде тұрдық. Онда асуы және дәретхана болды, түнде шатырларда ұйықтадық. Бастапқыда бес күн жүгіруді жоспарлағанмын. Бірақ төртінші күні шаршағанымды, бойымдағы әлсіздікті сезіп, Түркістанға жете марафонды аяқтадым. Қазақстанда спорттық туризмді дамытуға, халықаралық жарыстар мен жүгіру марафондарын ұйымдастыруға және жай ғана саяхат үшін мүмкіндіктер көп. Сондықтан менің тәжірибем мұндай саяхатқа достармен не отбасымен шығуға үлгі болады деген ойдамын. Әркім өз шамасына қарай жолды белгілеп, саяхаттай алады», – дейді саяхатшы-спортшы. Ол болашақта Алматының тау туризмін дамытқысы келеді.

СҰХБАТ

ҚАЛАҒАН АДАМ ҚАТЫСА АЛАДЫ

Алдыңғы нөмірде «Қолжетімді спорт» жобасының Алматыға келгенін хабарлаған едік. Осы жоба аясында ұйымдастырылған «Қазақстан скандинавиялық жүріс II» бойынша II фестивалінде шараның бас төрешісі Максим Проценкомен тілдескен болатынбыз.



– «Қолжетімді спорт» жобасы қашан пайда болды? Мақсаты қандай?

– Былтыр жылдың соңына қарай Нұр-Сұлтан қаласында ашылды. Біздің жаттықтырушылар 3 ай бойы елорда тұрғындарына скандинавиялық жүріс бойынша жаттығу

жасатты. Аз уақыт арасында жоба барлық қатысушының көңілінен шықты. Өзге қалаларда осындай жобаның ашылуын сұрайтын тілектер пайда болды. Сондықтан біз биыл «Қолжетімді спорт» жобасын жеті қалада ашып отырмыз. Жоба адамдарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру мақсатында ұйымдастырылды.

– Жоба кімдерге бағытталған және оның ішіне қандай спорт түрлері кіреді?

– «Қолжетімді спорт» ішіне скандинавиялық жүрістен басқа үстел теннисі, каратэ және фитнес-жаттығулар кіреді. Алматыда айтылған спорт түрлері парктерде, нақты айтқанда, қаланың 6 жерінде өткізіледі. Барлық ниет білдірушілер белгіленген жерге уақытында келіп қатыса алады. Кәсіби спортшылар адамдарды тегін жаттықтырады. Алматы-

дағы және өзге қалалардағы жаттығу уақытын dostupnyisport.kz сайтынан көре аласыздар. Ал «Қазақстан скандинавиялық жүріс II» секілді фестивальдардағы жарыс кәсіби спортшыларға да, қарапайым қала тұрғындарына да бағытталған.

– Мемлекет пен қала әкімдігі тарапынан көмек бар ма?

– Біз әрдайым қала әкімдігімен байланыстамыз. Олар өз тарапынан бізге жаттығу жасайтын аймақ табуға, қала бойынша іс-шаралардың кестесіне қосылуымызға көмектеседі. Сондай-ақ, бұл жоба мемлекет тарапынан, ҚР Мәдениет және спорт министрлігімен қаржыландырылатынын айтқан жөн. Мемлекетіміздің спорттың әр адам үшін қолжетімді болуына жағдай жасауы көңіл қуантады. Оның ішінде олимпиадалық емес, асқан шеберлікті қажет етпейтін, көпшіліктің қолынан келетін скандинавиялық жүріс секілді спорт түрлерін дамытуы тіптен жақсы жаңалық деп айта аламын. Себебі, біздің жобамен жаттығу жасайтын адамдардың жас санаты 35–50 арасында. Яғни мемлекеттің негізгі жұмыс күші. Олардың дені сау болуы мемлекеттің экономикасына тікелей әсер етеді.

– Әңгімеңізге рахмет!

ТРИАТЛОН

Польшаның Жешув қаласында триатлоннан жасөспірімдер арасында Еуропа кубогы өтті. Қазақстандық спортшы жарыс жеңімпазы атанды.

Жарысқа әлемнің 10 елінен 45 спортшы қатысты. Олардың арасында біздің үш спортшымыз – Александр Тен, Егор Круняков және Данил Порожнов бар. Жарыс жеңімпазы жүзу мен веложарыстан кейінгі 5 шақырымдық жолда анықталды. Мәреге бірінші болып қазақстандық Александр Тен келіп, 00:59:51 уақытын көрсетті. Сонымен қатар, Егор Круняков 14-ші (01:02:05) болса, ал Данил Порожнов 16-шы (01:02:26) орынға жайғасты.

БІЗДІҢ ЖЕЛАЯҚТАР



ФУТБОЛ

Қазақстан құрамасы Словакияны 0:1 есебімен
жеңген соң, өз тобында көш бастады.ҚАЗАҚСТАН
КӨШ БАСТАДЫ

Футболдан Қазақстан құрамасы Ұлттар лигасы аясындағы екінші кездесуін Словакияға қарсы өткізді. Ойын Трнава қаласында болды. ФИФА рейтингінде 45-ші тұрған еуропалық құраманың осы тізімде 125-орынға жайғасқан Қазақстанға қарсы өз алаңындағы ойынында фаворит екені анық еді. Дегенмен, сарапшылардың пікіріне қарамастан біздің жігіттер тартысты ойында 3 ұпайды жеңіп алды.

Ойын басынан-ақ тартысты басталды. Алғашқы минуттарда қапталдан көтерілген допты басыммен дәл ұра білген Сергей Малыштың соққысын қарсылас команданың қақпашы ұстап алса, Абат Айымбеттің жойқын соққысы қақпадан сәл жоғары кетті. Біздің жігіттердің бірінші қарқыны бәсеңдеген соң словак шабуылдаушылары Игор Шацкийдің қақпасына қауіп төндіре бастады. Дегенмен, Қазақстан қорғаушылары өз міндетін жақсы атқарып, қауіпті шабуылдардың бетін қайтарып отырды. 19-шы минутта тағы есеп ашарлық сәтті Рамазан Оразов өз пайдасына шеше алмады. Дегенмен, отандық ойыншылар басымдылығы бірте-бірте арта бастады. Алаң жиегінен ойынға қосылған доп біздің ойыншылардың шебер комбинациясынан кейін Аслан Дарабаевтың аяғына түсіп, ол 26-шы минутта есеп ашты. Бірінші таймның соңына дейін словактардың есепті теңестіретін бірнеше мүмкіндіктері болды. Алайда, Игор Шацкийдің керемет ойыны есепті 0:1-ден қозғалтқан жоқ.

Кездесудің екінші жартысында Қазақстан ойыншыларының көбірек қорғанысқа мән бергені байқалды. Ойын сәттерінің бірінде соғылған Альмашидің голы VAR жүйесі қолданылғаннан кейін есептелмеді. Біздің құрама көп уақыт допка иелік етпесе де өткір қарымта шабуылдар жасап отырды. Төрешінің соңғы минуттағы ысқырығына дейін екі тараптың да шабуылдары нәтижелі аяқталмады. Есеп – 0:1.

МЫЛТЫҚПЕН АТУ



27 мамыр мен 8 маусым аралығында Бакуде (Әзербайжан) нысана көздеу және мылтықпен ату спортынан Қазақстан құрама командасы әлемнің рейтингтік кубогына қатысты.

МЕРГЕН ҚЫЗДАР
ҚОЛА АЛДЫ

«Skee» командалық жарысының актық сынағында әйелдер арасындағы категориядағы мылтықпен тұрып ату бойынша Қазақстан құрама командасы қола медальға ие болды.

Команда құрамында Зоя Кравченко, Ринат Насырова және Әсем Орынбай өнер көрсетті. Жүлделі орын үшін отандастарымыз Тайландтағы әйелдер командасымен күресті. Қарсыластарынан дәлірек болған біздің мерген қыздар қола жүлдені иеленді.

ТЕННИС

АЛМАТЫЛЫҚТАР
АЛДА ТҰР

Алматының ЦСКА теннис орталығында 16 жасқа дейінгі ойыншылар арасында ATF (Азия теннис Федерациясы) сериясындағы халықаралық турнир аяқталды. Оған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Украина және АҚШ ойыншылары қатысты.



Жеке жарыстың шешу кезеңінде екі алматылық – Арсений Требухин мен Тихон Сорокин өзара бақ сынады. Арсений өз жерлесінен басым түсіп, жеңіске жетті. Есеп – 6:3, 6:2. Вячеслав Куфельд пен Темірлан Кәрім қола жүлде үшін күресті. Бірінші партия бірде-бір ұпайсыз аяқтаса да, қалған екі партияны өз пайдасына шешкен Вячеслав қола медальға ие болды. Жұптық жарыстың финалында алматылық Роман Исаев пен елорда өкілі Тайыр Сармановтың жұбы алматылықтар – Тихон Сорокин мен Айдын Батырбековке қарсы шықты. Тартысты сайыста Исаев/Сарманов жұбы жеңіске жетті – 6:2, 7:5, 6:2.

Бетті әзірлеген Досбол АТАЖАН.



МӘСЕЛЕ

Аутизм дерті де бүгінде күн тәртібінде тұрған мәселе. Ол – ми жұмысының бұзылуынан туатын ауру.

Аутизмнің алғашқы белгілері қандай болады дегенге келсек, баланың мінезі тұйықтала түседі. Атын атап шақырса, елең етпеуі де мүмкін. Кейде тамақ сұрап мазаламайды, жөргегі суланса да, бір жері ауырса да сезбейді. Жаңа ойыншыққа да бала болып қызықпауы ғажап емес. Яғни мұндай балдырғанда сағыну, аяныш, қамқорлық сияқты адами сезімдер болмауы мүмкін. Ол көбіне өз әлемінде өзімен өзі өмір сүреді. Тіпті, күні бойы ұйықтамай жүре беруі мүмкін.

— Аутизм белгілері балада үш жасқа дейін пайда болады. Нәресте шағында бала айналасындағы дыбыстарды жай естуі, өзін қоршаған ортаның болмашы ғана өзгерістеріне де шамадан тыс үрейленіп, жылауы, әдеттен тыс оғаш қимылдар көрсетуі, адамдармен қарым-қатынас кезінде нашар жауап беруі, кеш сөйлеуі, сөздік қорының жасына сай болмауы, сөйлеген кезінде дауыссыз дыбыстардың аз болуы мүмкін. Мұндай балалар қатарластарымен ойнауға аса қызығушылық танытпайды, көбіне жалғыз ойнағанды қалап тұрады, — дейді қалалық №5 клиникалық аурухананың балалар аурулары бөлімінің меңгерушісі, жоғары санатты дәрігер Хадиджа Сұлтанқұлова.

МӘМС

Сақтандырылған азаматтарға жеңілдік көп

Алматыдағы №1 қалалық клиникалық аурухананың Амбулаторлық хирургия орталығында ашылғалы бергі бір айда 20 шақты шағын ота жасалған. Сол операциялардың біріне кеңірек тоқталар болсақ, дәрігер-мамандар 73 жастағы зейнеткердің мойнындағы липоманы алып тастады.

Пациенттің желкесіндегі ісік жиырма жылдан астам уақыт бұрын пайда болған көрінеді. «Тампайып, көзге қораш көрінетіні болмаса, еш ауырған жоқ. Бұрын түрлі себептермен ота жасата алмай жүрдім. Жақында таныстардан ісікті міндетті әлеуметтік медициналық сақтановру есебінен тегін жасатуға болатынын естіп, ауруханаға келдім», — дейді зейнеткер.

Пациентке амбулатория деңгейінде жоспарлы ота жасалды. Жергілікті жансыздандыру арқылы жүзеге асырылған шағын хирургиялық манипуляция 20 минутта аяқталған. Операция орнында білінер-білінбес қана тыртық қалды. Орталық жетекшісі Марат Менайқовтың айтуынша, операция жасау үшін белгілі бір анализдер мен тексеру нәтижелері талап етіледі. Қажетті сараптамалардан кейін пациентке бірден ота жасалады. Яғни ол үшін ауруханаға жатып емделудің қажеті жоқ.

«Пациенттің мойнындағы ісіктен биопсия алынды. Нәтижесінде оның майдан түзілген липома екені анықталды. Жалпы, мұндай ісіктерге ота жасалғаннан кейін пациент бірнеше сағаттан соң үйіне қайтады. Содан соң екі күнде бір рет жарасын таңдыруға келіп тұрады. Тігістің жібі 10–12 күннен кейін атынады», — деді хирург.

Алайда, мамандар оның әртүрлі факторлар салдарынан қатерлі ісікке айналып кетуі әбден мүмкін екенін айтады. Сондықтан мұндай ісіктерді дер кезінде алып тастаған жөн. Хирургиялық көмек міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде және ақылы негізде көрсетіледі. Хирургтар липома, атерома, гиргома сынды тағы да басқа қауіпсіз ісік түрлеріне, шаптағы және кіндік тұсындағы жарықтарға операция жасайды, варикоэды емдейді.

«Амбулаторлық хирургия орталықтары азаматтар үшін өте ыңғайлы. Пациент мұндай орталықтарда ота жасату үшін аса көп анализ тапсырмайды. Оның үстіне, сақтандырылған азаматтар тиісті сараптамаларды тіркелген емханасы арқылы тапсырып, инструменталдық зерттеулерден де МӘМС шеңберінде өте алады», — дейді Медициналық сақтандыру қорының Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаев.

«АУТИСТ БАЛАМЕН КӨП СӨЙЛЕСУ КЕРЕК»

Дәрігер аутизммен ауыратын балалардың вербалды және вербалды емес қарым-қатынасының бұзылуына да тоқталды. Біріншіден, бұл әлеуметтік өзара әрекеттесуді орнатуға қызмет ететін көз контактісін, бет-әлпетін, позаларды, ым-ишараларды елеулі бұзу. Мысалы, бала өзіне қол тигізуден қашады, қолға көтергенде немесе құшақтағанда қатып қалады, серіктесіне қарамайды, адамдармен араласқанда күлмейді, ата-аналармен және қонақтармен амандаспайды, әлеуметтік қарым-қатынас жағдайларында бір нүктеге қарайды, т.б. Маман емдеу және коррекциялық көмек болмаған жағдайда аутизмге шалдыққан балалар мүгедектіктің ауыр түріне шалдығуы мүмкін екенін айтты.

Дәрігер бүгінде виртуалды аутизмнің пайда болғанын тілге тиек етті. Мамандар тамақтану кезінде балаға гаджет бермеуге, баламен көп сөйлесуге, оған бәрін түсіндіріп отыруға, үнемі атын атап шақыруға кеңес береді. Бүлдіршіндерге ұялы телефон бетіндегі түсініксіз мультфильм кейіпкерлерімен бірге болғаннан гөрі, ата-анасымен, жақындарымен болып, шынайы қарым-қатынас орнатқан тиімді. Хадиджа Сұлтанқұлова туа біткен аутизмнің алдын алу туралы да қозғады. Әйел жүктілікті жоспарламаз бұрын, сондай-ақ жүктілік кезінде гинеколог-маманмен кеңесу керек екенін атап өтті. Егер әйел жүктілікке дейін және аяғы ауыр кезінде фоллий



кышқылын қабылдаса, онда балада аутизмнің даму ықтималдығы төрт есе азаяды. Ал Алматы қаласында орналасқан «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация» КММ директорының міндетін атқарушы Эльмира Ақшопақова бізге осындай аурумен ауыратын балаларға психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру тәртібін түсіндірді.

— Білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестер» медициналықтан педагогикалық модельге көшеді. ПМПК қызметіндегі әлеуметтік-педагогикалық модель мынадай механизмдер арқылы жүзеге асырылады: ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және бала үшін оқытудың арнайы жағдайларын анықтау сияқты жаңа бағыттарды енгізу; баланың даму проблемаларын,

оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу қиындықтарын бағалаудағы психологиялық-педагогикалық үлесті арттыру; ПМПК қорытындысында медициналық диагноздарды қолдануды болдырмайтын және білім беру және психологиялық-педагогикалық көмектің көлемін кеңейту, — дейді Эльмира Ақшопақова. Жалпы, ПМПК мамандары баласының денсаулығына алаңдаушылық білдірген ата-аналарға жан-жақты кеңес беріп, осы тұрғыда туындаған қиындықтарды еңсеру жолдары туралы да жан-жақты айтады. Қажет болған жағдайда отбасылық жеке кеңестер де өткізіліп, медициналық, психологиялық-әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы нақты жеке ұсыныстар жасалады.

ЖОБА

ОҚУШЫЛАР ҮШІН медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қайта қаралады

ҚР Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният Үкімет отырысында ведомствоның Балалар жылын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру барысы туралы баяндады.

Мәселен, іс-шаралардың бірі — оқушыларға медициналық көмекті ұйымдастыруды өзгерту. «Біз оқушыларға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын әзірлеу бойынша жұмысты бастадық. Онда мектеп медбикесінің функционалы, мектеп медбикесінің 1 ставкасына оқушылар санының нормативі, мектептердің медициналық пункттерін материалдық-техникалық жабдықтау нормативі, алдын алу жұмыстарының тәртібі және т.б. регламенттелетін болады», — деді А.Ғиният.

Бұл ретте мектеп пен қоғамдастықтың түрлі сегменттерін: оқытушыларды, тамақтану қызме-

тінің қызметкерлерін, оқушыларды, отбасыларды, мектеп басшыларын, мектеп медбикелерін, әлеуметтік қызмет көрсету саласындағы мамандарды біріктіруді білдіретін «Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептер» жобасы қайта жанартылды. «Пандемияға байланысты 2 жыл бойы бұл жоба толық жұмыс істемеді, бүгінде жобамен 1181 (17%) мектеп қамтылды. Жұмыс нәтижесінде салауатты өмір салтын қолдауға ықпал ететін мектеп ортасына жағдай жасау күтілуде. 2025 жылға қарай артық салмағы бар оқушылар саны 100 мың балаға шаққанда 90-ға дейін төмендейді деп күтілуде», — деп атап өтті министр.

БРИФИНГ

Тіс те – денсаулық кепілі

Алматы дәрігерлері балаларда жиі кездесетін ауруларды айтты. Оның себептері мен алдын алу жолдары туралы да тілге тиек етті.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Медицина және денсаулық сақтау факультеті Жоғары медицина мектебінің клиникалық мамандықтар кафедрасының профессоры Клара Шалабаева және қаланың штаптан тыс бас балалар нефрологы, №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасының нефрология бөлімінің меңгерушісі Сәуле Алпысбаева біраз мәселені тарқатты.

— Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының критерийлері бойынша біздің республикада әртүрлі топтағы балаларда кариестің таралуы орташа есеппен 70–85%-ды құрайды, ал қарқындылығы бойынша біздің балаларда кариестің декомпенсацияланған түрі жиі кездеседі, — деді Клара Шалабаева.

Балалардың стоматологиялық ауруларға жиі шалдығуының себебі — жүктілік кезінде әйелдердің денсаулығын күтпеуі, дұрыс тамақтанбауы, баланың нәресте кезінде және мектеп жасына жеткен шағында көмірсуларды көп тұтынуы, ауыз қуысы гигиенасының сақталмауы көрінеді.

Сондай-ақ, спикер тіс ауруларының алғашқы профилактикасы бағдарламасының жоқтығын, жалпы білім беретін мектептердегі стационарлық стоматологиялық кабинеттердің жабылуы сияқты маңызды әлеуметтік мәселелерді алға тартты.

Республикадағы тіс жөндеу мекемелерінің 80%-дан астамының жекеменшік болуы да стоматологиялық көмектің балалар мен жасөспірімдер үшін



қолжетімсіз екені айтылды. Баға жоғары. Бұл орайда, көпбалалы отбасылар қиындыққа ұшырап жатады. Ал баланың ауыз қуысының жағдайы жалпы денсаулықтың көрсеткіші десек, тіс ауруын азайтпай, дені сау бала өсіру мүмкін емес. №2 қалалық клиникалық балалар ауруханасының нефрология бөлімшесінің меңгерушісі Сәуле Алпысбаева бүгінде балалар арасында нефрологиялық аурулардың жиі кездесетінін атап өтті. Оның айтуынша, қыздар мен ұлдардың 80–85%-ы зәр шығару жолдарының инфекциясынан зардап

СӘТТІ ОТА

Орталық қалалық клиникалық аурухана дәрігерлері көзінің торлы қабығына жарық түскен әйелге жоғары технологиялық ота жасады. Құны 700 мың теңгеден асып жығылатын операция міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалған.

Көзге күрделі операция жасалды

Офтальмология бөлімінің меңгерушісі Гүлзат Әбрайымованың айтуынша, көздің торлы қабығының тамырлардан ажырауы ауыр патологиялар қатарына жатады. Маман сөзіне сүйенсек, көздің торлы қабығының ажырауын дәрімен немесе екімен емдеу мүмкін емес. Көру қабілетін қалпына келтірудің бірден-бір жолы — көзге жедел ота жасау. Сол себепті, пациенттің көз жанарын сақтап қалу мақсатында микрохирургиялық манипуляция жасау туралы шешім қабылданған. Оның үстіне, көздің артқы торлы қабығының ажырауы операцияны қиындата түскен.



«Көздің торлы қабығы ажыраған кезде көру қабілеті нашарлайды және көп жағдайда пациент жанарынан айырылып қалады. Әдетте, торлы қабықтың зақымдануына жарақат пен миопия (көздің жасқаннан көрмеуі), қант диабеті, көз ішіндегі ісік, қабық формасының бұзылуы сынды жағдайлар түрткі болуы мүмкін. Біздің пациент жосары деңгейдегі миопиямен ауырған. Біз оған витрэктомия деп аталатын ота жасап, ішіндегі әйнек тәріздес денені микрохирургиялық жолмен алып тастадық, орнын арнайы сұйықтықпен толтырдық», — деді дәрігер-маман.

Мұндай күрделі хирургиялық оталар жоғары технологиялардың көмегімен жасалады. Себебі, өте нәзік болып келетін торлы қабықтағы әрбір жасуша көздің көру қабілетіне жауап береді.

**Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.**



ӨНЕР

Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінде Қанат Шүкірбектің «Өмір – өнер жолы» атты жеке мерейтойлық көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеге автордың 60-тан астам графикалық және кескіндемелік туындылары қойылған. Іс-шараның ашылу салтанатында суретшінің анасы сөз сөйледі. 80-ді алқымдаған апамыз шашу шашып, жастарға ақыл-кеңесін айтып, көрмеге келушілерге ерекше алғысын білдірді.



СУРЕТШІ ӘЛЕМІНІҢ СИҚЫРЫ

Бейнелеу өнерінің үздік дәстүрлеріне негізделген жаңа образдар жасаудың шебері
Қанат Шүкірбектің туындыларына үңілгенде...



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Суретшінің шығармашылығындағы тарихи сюжеттерден драматизмнің ерекше рухын байқауға болады. Тематикалық көрмеде қиын көпфигуралы композициялар, көне Қазақстандағы тарихи оқиғалармен тығыз байланысты сюжеттер, абстракты символикалық композициялар ұсынылды.

«Көрмені былтыр ұйымдастырамыз деген ой болған. Елдегі пандемияға байланысты осы жылға шегерілді. Көрмеге графика саласынан, кескіндеме бағытында салынған дүниелер қойылды. Тақырыптары әртүрлі, өзім әр бағыттағы жанрда жұмыс істеймін. Оның ішінде натюр-морт жанры бар, портрет, сюжеттік композиция дейді, ол бағыттар да бар. Енді бұлардың барлығы 60-жылдары салынған суреттер. Арасында алғаш сала бастаған картиналарды да кездестіруге болады. Қазіргі уақытта тағы бір көрмені ұйымдастыруды қолға алдық. Алдағы уақытта өнерсүйер қауымды тағы бір жағымды жаңалықтармен қуантамыз», – дейді Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Қанат Шүкірбек.

Іс-шарадан әр жылдардағы бейнелерді, түрлі көңіл күйлерді сезінуге болады. Қарап отырып, тұңғышқа батасын, енді бірде мағынасына үңілесін. Суретші әлемінің сиқырын танытатын рухани шараға зиялы қауым өкілдері мен қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен өнертанушылар, қала қонақтары қатысты.

«Қанат біздің елде белгілі суретші, халықаралық «Тұран» сыйлығының лауреаты. Кез келген суретшінің өзіндік стилі бар. Сол секілді, Қанаттың да ерекшелігі – графикадағы ыждағаттылықтың бәрін кескіндемеге аударып, өзіндік стилін қалыптастырды. Қанаттың азаматтық көзқарасы өте тамаша. Оны осы көрмедегі суреттерінен де байқауға болады. Тарихи оқиғаларға, тұлғаларға ерекше назар аударады. Оны «Оспан батырдың Түркістанда жасаған көтерілісі», «Кер заман», «Арыстан баб» атты суреттерінен байқауға болады. Бұдан бөлек, Қанат «Алтын Ор-



БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Кескіндеме заттың сыр-сипатын, нәрсе мен кеңістіктің қарым-қатынасын, сәуле мен көлеңкенің үндесуін бейнелейтін көркемдік және танымдық қуатымен ерекшеленеді. Ол көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы эстетикалық ләззат береді. Кескіндеме туындылары жеке бір тұлғаны, дара көріністі бейнелеп қана қоймай, күрделі сюжетке, оқиғаларға құрылған шытырман соқтығыстарды да бейнелеп, олардың мәнін ашады. Кескіндеме дәуірдің рухани мазмұны мен әлеуметтік дамуын бейнелеп қана қоймай, көрерменнің сезіміне, ойына әсер ету арқылы бейнеленген шындықтан тәлім алып, өзінше қорытынды жасауына себепкер болады. Сондықтан да кескіндеменің қоғамдық-тәрбиелік мәні зор және ол деректемелік мағлұматта береді.

даның» 750 жылдығына орай тамаша суреттерін ұсынған. Сондай-ақ, оны «Тұран

романтизмінің» негізін қалаушылардың бірі десек, артық болмас. Қазір қарап отырсақ, көп су-

КЕРЕК ДЕРЕК

- Графика – қағазға не қатырма қағазға (картонға) қарындаш, қаламұш, көмір, қылқалам көмегімен немесе арнайы баспа машиналарымен салынған сурет.
- Графика гректің «жазамын», «сурет саламын» деген сөзінен шыққан.
- Сызба өнері – бейнелеу өнерінің ең көне және жан-жақты дамыған түрі.
- Графика шығармаларына қарындашпен салынған суреттер, гравюралар, кітап иллюстрациялары, газет суреттері, карикатуралар, плакаттар, кітап шрифтілері, түрлі жарнамалар мен маркалар жатады.
- Қағаз бетіне салынған литографиялар, түсті гравюралар, түрлі-түсті қарындашпен салынған суреттер де графикаға жатады.

ды көп оқығысы келмейді. Сол себептен, қоғамда азаматтық көзқарастағы суретшілер көп жетіспейді», – дейді философия ғылымының кандидаты, профессор, «Тұран» қазақ суретшілер консолидациясының президенті Жанарбек Берістен.

Көрмедегі Қазақстанның тәуелсіздігі туралы «Алаштың арманы» атты суреті көрермендердің ерекше көңілінен шықты. Аталмыш шығармада Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермековтің портреті бейнеленген. Картинаның бір бөлігінде қазақ халқының өркендеген кезеңі көрініс тапқан. Мағыналық тұрғыдан алып қарасақ, үлкен мән жатыр. Өскелең ұрпаққа тарихтан тағылым беріп, тұлғалардың еңбектерін де айшықтап өтеді.

Қарап отырсақ, Әлімхан Ермеков жайында тарихшылар да, әдебиетшілер де көп қалам тербеген. Тіпті, ол кісінің кім екенін де біле бермейді. Әлімхан Ермеков – қазақ елінің шекарасы туралы тұңғыш баяндама жасаған қазақ. Батыс Қазақстан өңірінің, Каспийдің солтүстік жағалаулары мен Семей, Ақмола облысының жерлерінің, кейіннен Коростелев даласының Қазақстанға қайтарылуына зор үлес қосқан жан. Осындай тұлғаларымызды өнер әлемі арқылы қайта әкелуі Алаш зиялыларына жасалған құрметі екендігін байқауға болады.

Портрет – Қанат Шүкірбектің өзінің шығармашылығының алғашқы жылдарында-ақ қызыға қолға алған сүйікті жанры. Суретші көп жылдар бойы қазақ зиялыларының, ұлт батырларының, туған-туысқандары мен жақын адамдарының портреттер топтамасымен жұмыс істеді. Осы жұмыстарының ішінен қазақ халқының ұлы тұлғалары – Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жамбыл Жабаевтың портреттерін ерекше атап өткен жөн. Портреттегі суретшінің стилінен шарттылықтан аулақ болып, кейіпкерлерінің жан-жақты пластикалық сипаттамасын көрсетуге деген ұмтылысын көруге болады.

Қанат Шүкірбектің туындыларында уақыт тұтастығы қамтылған. Өткен шақ, бүгінгі күн мен болашақтың фантастикалық-символикалық әрекетін тануға болады. Талғам – бүкіл өмірдің дамуымен және сол өмірдегі жеке суретшінің дамуымен жарыса дамып, қатар қалыптасады. Алғашқы шығармаларының бірқатары туған жер табиғатына арналған.

Суретшінің өзіндік таланты кітап иллюстрациясында да сәтті жүзеге асырылған. Шығармашылығының басында «Өнер», «Атамұра», «Мектеп», «Жазушы» баспаларымен тығыз байланыста болып, балалар кітаптарының ондаған бетін түрлі-түсті графика техникасында безендірген. Суретшінің графикалық парактары айқындығымен, мәнерлілігімен, бейнелігімен және идеялық толықтығымен сипатталады.

Қанат Шүкірбектің туындылары жарқын, қанық колоритпен, жанды, темпераментті жазу мәнерімен, пішіндердің жеңіл фактуралы өңделуімен сипатталады. Ол қазақ ұлттық және бейнелеу өнерінің үздік дәстүрлеріне негізделген жаңа образдар жасаудың шебері. Оның шығармаларынан біз суретшінің өз тарихына, халқына деген шынайы сүйіспеншілігін, Қазақстанның болашағына бей-жай қарамайтындығын байқаймыз.





ТҰЛҒАТАНУ



ЕРМЕК СЕРКЕБАЕВ

АТЫНДАҒЫ КАМЕРАЛЫҚ ЗАЛ АШЫЛДЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрында өнерсүйер қауым үшін маңызды оқиға болды. Еңселі ғимарат ішінен КСРО Халық артисі, КСРО және Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, профессор Ермек Бекмұхамедұлы Серкебаев атындағы камералық зал ашылды.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Салтанатты ашылуға КСРО Халық артисі Бибігүл Төлегенова және Әлібек Дінішев қатысып, Ермек Серкебаев туралы лебіздерімен бөлісті. Өншінің ешкімге ұқсамайтын туа бітті дарыны туралы ой толғап, адамдық келбеті жайында да баяндап, жылы естеліктер айтып берді.

Ермек Серкебаев көзі тірісінде «Баритондардың королі» және «Кеңес Одағының үздік Фигаросы» деген жоғары мәртебе иеленіп, тыңдармандарының ықыласына бөленген.

Иә, әйгілі опера әншісі, актер, ұстаз қазақ классикалық өнерінің дамуына орасан зор үлес қосқан. Оның есімі тек Қазақстанда ғана емес, әлем сахналарында айтылды. Ермек Серкебаев дүние жүзінің ең үздік деген 50-ден астам сахнасында өнер көрсеткен. Соңына шығармашылық мол мұра қалдырды. Еліміздің талантты әншілерінің алып шоғырын тәрбиелеп шығарды. Табиғи дарыны мен жанкешті еңбегінің арқасында опера өнерінің шыңына көтерілді. Оның орындаған туындылары отандық және әлемдік классиканың алтын қорын толтырып, шығармашылық жолында жүрген талай буынға шабыт берді.

Сондықтан Ермек Серкебаевтың есімі ұлттық музыка мұрасы тарихында алтын әріптермен жазылып, есімі халық жадында мәңгі сақталады.

Жаңадан ашылған камералық залдың қак төріне Ермек Серкебаевтың үлкен портреті қойылыпты.

– Осынау жарығы мол бөлмеде болашақта жас опера әншілері ән салатын болады. Оларға арналып шеберлік сабақтары өткізіледі. Тіпті, қазақ музыка өнеріне өлшеусіз еңбек сіңірген өзге де өнер адамдары туралы жастарға үлгі болар ұлағатты естеліктер айту кештері ұйымдастырылып тұрмақ, – дейді Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының директоры Бақыт Әбдіғалиұлы Бөкебаев.

Камералық залдың ашылу салтанатында Ермек Серкебаевтың шәкірттері – ҚР еңбек сіңірген қайраткері Болатбек Бөкенов, Дулат Тоқанов, Болат Қанағатов, Қайрат Әділов, Олег Татамиров ұстаздарының ең жақсы көрген әндерін шырқады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ ТОЙЫ



ЗАМАНСӨЗ

XX ҒАСЫРДЫҢ ҰЛЫ РЕФОРМАТОРЫ

XX ғасыр даналарының бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. Аханның өмірі, тағдыры, мұрасы – оның ғасырдың ұлы перзенті екендігінің айғағы. Ол күрескен кесепаттар – надандық, қараңғылық, ұйқышылдық, адами хайуандық, отаршылдық, ұлттың азуы мен тозуы, оның бұратаналық болмысы, жараланған жан жарасы, құлшылдық санасы, таланған жері, қансыраған тілі, шоқындыру саясатынан жансыздана бастаған діні, орыстандырыла бастаған ділі. Бір сөзбен айтқанда, қазақ халқының болашақта болу-болмау альтернативасы.

«Ұлт ырысы», «өркениет ырысы», «олжалы жерде үлестен», «ордалы жерде орыннан», «жоралы жерде жолдан» қазақ халқы қалмауын ойлаған, «ұлттық құтқару майданының сардары, XX ғасырдағы ұлттық ренессанстың бастауы Ахмет Байтұрсынұлы планеталық ойшылдар қатарынан орын алары даусыз. Ахмет бар әлемдік ұлылар галереясында XX ғасырдың ұлы гуманисті Ганди, түркі әлемін оятқан Кемал Ататүрік, шілдің боғындай шашыраған араб әлемінің басын қосқан Насер, ...әлемдегі әрбір төртінші адамның жан дүниесін елжіреткен Ден Сяо Пин, тұңғыш ғарыш перзенті Гагарин, адам құқының қорғаны Сахаров, алты Алаштың арысы Әлихан Бөкейханов сияқты біртуар тұлғалар тұр. Әрине, Ахмет планеталық санаттағы ойшыл, ұлы ағартушы-гуманист, XX ғасырдың ұлы реформаторларының бірі, бір де болса бірегейі деуімізді дәлелдеу алда тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы – XX ғасырдың ірі құбылысы, феномені. Оның есімі осы дүбірлі ғасырдың түбірлі, түбегейлі құбылыстарымен тағдырлас. Сондықтан Байтұрсынұлытану – шын мәнінде ғасыртану десе де болады.

Манаш ҚОЗЫБАЕВ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТЕОРИЯСЫН НЕГІЗДЕУШІ

«Ахмет Байтұрсынұлы – аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы».

«Әдебиет энциклопедиясы». 1929 жылы Мәскеуде жарық көрген.

ХАЛҚЫНЫҢ ОЯНУЫНА ЫҚПАЛ ЕТТІ

«Ахмет Байтұрсынұлының негізгі бағыты – қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды».

М.Баталов, М.С.Сильченко.

«Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері». 1933 жыл.

ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ОЙ-ОРАМДАРЫНАН

БАУЛУ МЕКТЕБІ

...Тіршілік – тірлік шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек.

Ұлы істердің әдісі де ұлы болады. Ұлы әдісті үйрету де, үйрену де қиын болады. Ұсақ істің істеу мәнісін білгенмен, істеу әдісін білмей, дұрыстап істеуге болмаса, ұлы істі дұрыстап істеуге болар ма? Мектепке бала бергенде, ата-анасы баланы тұрмыс ісіне қайым болып, өмірдің азабын көрмей, рахатын көргендей адам болып шықсын деген үмітпен береді. Мемлекет жұрттың баласын үйреткенде, о да сөз үйренген балалар тұрмыс ісіне шебер болып, өзіне де, мемлекетке де пайдалы адам болып шықсын деген мақсатпен үйретеді...

«Алдараспан»
01.10 What's up?
02.00 Әзілдер күнделігі
03.30 Әзіл студия
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7.30 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8.00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8.55 «ПОРЕЗАННОЕ КИНО». Документальный фильм
10.00 «МИНУС ОДИН». Многосерийный фильм
14.00 Эльвира Болгова, Ольга Морозова, Алексей Зубков в многосерийном фильме «ЗАМУЖ ПОСЛЕ ВСЕХ»
18.00 «QAIMAҚ» бағдарламасының тұсаукесері
18.30 «АЙНА» бағдарламасы. Тікелей эфир
19.30 «ДВЕ ЗВЕЗДЫ. ОТЦЫ И ДЕТИ»
21.20 Наталия Антонова, Алексей Барабаш, Андрей Кузнецов в многосерийном фильме «НЕ БЫЛО БЫ СЧАСТЬЯ»
1.15 Ночной кинотеатр. «МОЙ ЛЮБИМЫЙ ПРИЗРАК»
2.50 «П@УТИНА» бағдарламасы
3.35 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5.05 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
До 5.30

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Концерт
08.10 Т/п «Құтты қонақ»
09.10 Т/п «Орел и решка»
10.00 Х/с «Мираж»
14.30 Реалити-шоу «Моя игра»
15.00 Т/х «Тойхана»
18.10 «Салем, Қазақстан!»

19.20 Т/х «Қанатсыз құстар»
21.00 Х/с «Без колебаний»
00.50 Х/ф «Шальная карта»
02.20 Реалити-шоу «Моя игра»
02.50 Концерт
03.40 Т/х «Япырай»
05.00 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»
07.30 «СУДАҒЫ ІЗ», телехикая
08.10 «КӨҢІЛДІ ОТБАСЫ»
09.05 «КТКweb» (қайталау)
09.30 «СЛЕДСТВИЕМ УСТАНОВЛЕНО»
10.30 «УБИЙСТВО ПО ПЯТНИЦАМ», криминальная драма (повтор)
14.30 «ҰРЫ», көркем фильм
16.30 «ҚАҢҒЫБАС», көркем фильм
18.30 «ҚАЗАҚТЫҢ ЖІГІТТЕРІ», Ернар Айдардың ән-шашуы
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «СЧАСТЬЕ ПО ДОГОВОРУ», мелодрама (1–4 серии). В ролях: Анастасия Задорожная, Михаил Шамигулов, Александра Булычева
01.20 «ПОДАРИ МНЕ СЧАСТЬЕ», мелодрама (повтор)
02.50 «ҰРЫ», көркем фильм
04.20-
04.40 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ» (қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ. OLIMPBET-Қазақстан Чемпионаты. «Атырау» – «Тобыл»
9.05 Бокстан әйелдер арасындағы Әлем Чемпионатына шолу
10.10 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. 1/4 финал. «Қарағанды» – «Ертіс» (Әйелдер)
12.05 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
12.40 Арнайы репортаж
13.00 Көркем гимнастикадан ҚР Чемпионаты. Финал. 3-күн
16.35 «QAZSPORT алаңы» ТОК-ШОУЫ
17.15 «СҰХБАТ». Омархан Әксикбаев
17.50 ВОЛЕЙБОЛ. ҚР Кубогы. «Есіл» – «Тараз» (Ерлер)
20.35 Хоккейден ерлер арасындағы Әлем Чемпионатына шолу
21.10 ММА «ОСТАГОН 31»
1.10 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасының журналы
1.40 Әнұран

balapan BALAPAN

7.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Смайтиктер» Мультхикая.

7.40 Анимация. Отандық / «Айдар»
8.20 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
8.30 Анимация. Отандық / «Қызыл мен күлгін»
8.45 «Еге мен Гага» Мультхикая.
9.00 Анимация. Отандық / «Білгішбектер»
9.30 «Ботақаным» ойын-сауықтық бағдарламасы
9.45 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
10.15 «Үкілі әуен» телехикаясы
10.45 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
11.25 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
11.50 Анимация. Отандық / «Томпи»
12.10 «Тәжірибе алаңы» танымдық бағдарламасы
12.20 «Зак дауыл» Мультхикая.
12.50 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
13.15 «Теңбіл доп» телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық / «Сәби»
14.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.
14.55 Анимация. Отандық / «Алпамыс»
15.15 Анимация. Отандық / «Сақалар»
15.35 «Смайтиктер» Мультхикая.
16.10 «Еге мен Гага» Мультхикая.
16.25 «Толағай» спорттық бағдарлама
16.55 Анимация. Отандық / «Жасыл ел»
17.20 «Маймылдар мекені» Мультхикая.
17.45 Анимация. Отандық / «Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық / «Айдар»
18.35 Анимация. Отандық / «Қызыл мен күлгін»
18.50 «Баданаму қорғаушылары» Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық / «Көңілді көкөністер»
20.05 Анимация. Отандық / «Қаһарман»
20.40 «Теңбіл доп» телехикаясы
21.20 «Қырық төрт мысық» Мультхикая.
21.45 Анимация. Отандық / «Глобус»
21.55 «Зак дауыл» Мультхикая.
22.25 «Сықырлы бөлме» кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі» Мультхикая.
23.05 «Үкілі әуен» телехикаясы
23.35 «Мумилер өлкесі» Мультхикая.

23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07.10 «Маша и медведь» М/ф
09.00 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
11.20 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
12.15 Шаншар
14.30 «Каникулы в Тайланде» Х/ф
16.00 «Бизнес по казахски в Африке» Х/ф
18.00 «Бизнес по казахски в Корее» Х/ф
20.00 «Астана кеші көңілді»
21.00 «Әйел тағдыры» түрік телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді телехикаясы
23.40 «Қағаз кеме» телехикаясы
01.15 «Ду-думан» шоу
02.25 «Қызғалдақ» түрік телехикаясы
03.10 «Арман, Когда ангелы спят» Х/ф
04.35 «Астана кеші көңілді»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Семейный доктор
07.40 Төлім History
08.10 Әнер қырандары
09.00 Қазақ спортының классикасы
09.40 Әжемнің әңгімесі
10.00 Сұлулықтың сыры
10.10 Біздің жануя
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Ой-талқы
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 «Қышқыл – Мысқыл»
13.40 Қышқыл Мысқыл
14.10 Емен жарқын
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық» (Архив) – Қайталау
16.00 Телехикая «Бір келіншек» 1–5 серия
18.30 «Бабалар сөзі – өсиет» – Терме
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Тәтті time
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 Идея
21.10 25-сағат
22.00 Talim Speakers
22.30 Руханият
23.00 Пруст сауалнамасы
23.30 Саморазвитие с Маржан коуч



ЖЕКСЕНБІ
19 МАУСЫМ

Almaty TV АЛМАТЫ

6.00 Әсем әуен
7.00 Концерт
8.00 Детский
киноклуб
9.30 Детский
киноклуб
11.00 Любимое кино
13.00 Әсем әуен
14.00 Үздік әзілдер
15.00 Женский кино клуб
19.00 Концерт
20.20 Отандық кино
22.00 Мужское кино
0.00 Мужское кино
2.00 Алматинские истории
2.25 Алматинские каникулы
2.55 Алматы тұнған тарих
3.15 Алматы кеші
4.00 Концерт
4.40 Алматы кеші
5.55 Әнұран

QAZAQSTAN QAZAQSTAN

6.00 Әнұран
6.05 «Жәдігер»
6.25 AQPAPAT
6.45 «Мұра».
Деректі фильм
7.05 «Ауылдастар»
7.30 «Күй-керуен»
8.00 «AQSAҮҮТ»
8.25 «Зинһар»
9.10 «Сағындырған
әндер-ай»
10.00 «Гүлдер құпиясы».
Телехикая
12.00 «Qazaqstan дауысы.
Балалар»
14.00 «Мьюн. Ай
қорғаушысы».
Мультфильм
(Франция, 2015 ж.)
15.15 «Ән мен әнші»
17.25 «ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ»
18.00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ».
Телехикая
20.00 «АРТА».
Сараптамалық
бағдарлама.
Тікелей эфир
20.50 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ
21.25 Концерт
22.35 «ЖАТ МЕКЕН».
Телехикая
(с субтитрами)
23.35 «Көңілді тапқырлар
алаңы»
0.35 «Арта».
Сараптамалық
бағдарлама
1.25 «Ақсауыт»
1.50 «Күй-керуен»
2.20 «Жәдігер»
2.40 Әнұран

ХАБАР

5.00 ҚР Әнұраны
5.00 Кино
7.00 Телехикая марафоны.
«Няня аға»
8.45 «Самопознание»
9.00 Концерт
«Махаббат қаласы»
Ернар Айдар
11.00 Кино.
12.45 Телехикая
марафоны.
«Пауза».
Сақураның гүлдеуі»
16.00 Кино
18.00 Мегахит
20.00 Хит жазамыз
21.00 Информационный
канал –
аналитическая
программа
«7 күн»
22.00 «Большая неделя».
Прямой эфир
23.30 Телехикая
марафоны.
«Шымкент менің
махаббатым»
1.00 ҚР Әнұраны

31-КАНАЛ

05.58 ҚР ӘНҰРАНЫ
06.00 Әзіл студия
07.00 Тамаша live
08.00 «31 әзіл»
08.30 «Күліп ALL»
(қайталау)
09.00 TeleBingo.
Прямой эфир
09.25 Готовим с Адель
10.00 Анимационный фильм
«Иван Царевич и
Серый Волк 2»
(повтор)
11.45 Анимационный фильм
«Король обезьян 3D»
13.45 КИНО.
Нуртас Адамбаев
в комедии
«Я жених»
(повтор)
15.55 КИНО.
Тоби Магуайр в
фантастическом
боевике «Человек-паук
3. Враг в отражении»
(повтор)
18.55 КИНО.
Марк Уолберг,
Уилл Феррелл в
комедийном боевике
«Копы в глубоком
запасе»
21.00 «Bizdin show»
23.00 КИНО.
«Фархад пен Шырын»
(қайталау)
01.00 «31 әзіл»
02.00 What's up?
03.00 Әзілдер күнделігі
05.00 Ризамын

ЕВРАЗИЯ

6.00 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
7.45 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
8.10 «P@UTINA»
бағдарламасы
9.00 «ВОСКРЕСНЫЕ
БЕСЕДЫ»
9.15 «НЕ БЫЛО БЫ
СЧАСТЬЯ».
Многосерийный
фильм
13.35 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
15.15 Анастасия
Заворотнюк,
Вячеслав Разбегаев
в многосерийном
фильме в
многосерийном
фильме «ЛЮБОВЬ И
МОРЕ»
18.55 «ДОБРЫЙ ВЕЧЕР,
КАЗАХСТАН!»
20.00 «ГРАНИ». Прямой
эфир
21.00 Наталия Антонова,
Алексей Барабаш,
Андрей Кузнецов в
многосерийном
фильме «НЕ БЫЛО БЫ
СЧАСТЬЯ 2»
0.40 Ночной кинотеатр.
«АРИТМИЯ»
2.25 «P@UTINA»
бағдарламасы
3.10 «ТОЙ БАЗАР»
бағдарламасы
4.40 «ТОЙ ЗАКАЗ»
бағдарламасы
До 5.10

7-КАНАЛ

06.00 Т/п «Қуырдақ»
06.30 Концерт
08.00 Т/п «Құтты қонақ»
09.00 Шоу «Музыкальная
интуиция»
10.50 Х/с «Без колебаний»
15.00 «Салем, Қазақстан!»
17.10 К/ф «Әке мен балам»

19.20 Т/х «Қанатсыз құстар»
21.00 Х/с «Свадебные
хлопоты»
00.40 Шоу «Музыкальная
интуиция»
02.30 Концерт
04.20 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/п «Қуырдақ»

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 «МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТ»
07.30 «ӘНДЕР МЕН
ЖЫЛДАР»
10.00 «ЮМОРИНА»
12.10 «СЧАСТЬЕ ПО
ДОГОВОРУ»,
мелодрама
(повтор)
16.00 «ҚАРТТАР ҮЙІ»,
көркем фильм
18.00 «ДОСТЫҒЫМЫЗ
ЖАРАСҚАН»,
ән шашу
21.00 «ПОРТРЕТ НЕДЕЛИ» с
Артуром Платоновым
22.00 «СЕМЬЯНИН»,
комедия.
В главной роли
Кайрат Адилгерей
23.20 «МОЙ МУЖЧИНА,
МОЯ ЖЕНЩИНА»,
мелодрама
(повтор)
02.40 «ҚАРТТАР ҮЙІ»,
көркем фильм
04.00-
04.30 «МЕРЕКЕЛІК
КОНЦЕРТ»
(қайталау)

QAZSPORT KAZSPORT

7.00 Әнұран
7.05 ФУТБОЛ.
УЕФА Еуропа және
Конференция
Лигасының журналы
8.00 «Nur-Sultan Half
Marathon 2022».
Тікелей эфир
11.30 Арнайы репортаж
11.50 ВОЛЕЙБОЛ.
ҚР Кубогы.
1/4 финал.
(Әйелдер)
13.10 «СҰХБАТ». Омархан
Өксікбаев
13.45 Специальный
репортаж
14.05 ВОЛЕЙБОЛ.
ҚР Кубогы. «Pavlodar»
– «Буревестник»
(Ерлер)
15.40 Хоккейден ерлер
арасындағы Әлем
Чемпионатына шолу
16.15 ФУТБОЛ.
«Тур по туру».
Прямой эфир
16.55 ФУТБОЛ.
ОЛИМПБЕТ-Қазақстан
Чемпионаты. «Шахтер»
– «Қызыл-Жар СК».
Тікелей эфир
18.55 ФУТБОЛ.
ОЛИМПБЕТ-Қазақстан
Чемпионаты.
«Қайрат» –
«Мақтаарал».
Тікелей эфир
20.55 ФУТБОЛ.
ОЛИМПБЕТ-Қазақстан
Чемпионаты.
«Тобыл» – «Каспий».
Тікелей эфир
22.55 ФУТБОЛ.
УЕФА Чемпиондар
Лигасының шолуы
23.35 КӘСІПҚОЙ БОКС.
Тайсон Фьюри –
Диллиан Уайт
2.05 «СҰХБАТ».
Дәулет
Тұрлыханов
2.35 Әнұран

BALAPAN

7.00 Қазақстан
Республикасының
Мемлекеттік Әнұраны
7.05 «Смайликтер»
Мультхикая.
7.40 Анимация. Отандық /
«Тәп-тәтті хикая»
8.20 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
8.30 Анимация. Отандық /
«Қызыл мен күлгін»
8.45 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
9.00 Анимация. Отандық /
«Білгішбектер»
9.30 «Көңілді жексенбі»
ойын-сауықтық
бағдарламасы
9.45 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
10.15 «Үкілі әуен»
телехикаясы
10.45 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
11.25 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
11.50 Анимация. Отандық /
«Томпи»
12.10 «Тәжірибе
алаңы» танымдық
бағдарламасы
12.20 «Зак дауыл»
Мультхикая.
12.50 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
13.15 «Теңбіл доп»
телехикаясы
13.55 Анимация. Отандық /
«Сәби»
14.35 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
14.55 Анимация. Отандық /
«Алпамыс»
15.15 Анимация. Отандық /
«Сақалар»
15.35 «Смайликтер»
Мультхикая.
16.10 «Еге мен Гага»
Мультхикая.
16.25 «Толағай» спорттық
бағдарлама
16.55 Анимация. Отандық /
«Ырысты ыдыстар»
17.20 «Маймылдар мекені»
Мультхикая.
17.45 Анимация. Отандық /
«Ойыншықтар»
17.55 Анимация. Отандық /
«Тәп-тәтті хикая»
18.35 Анимация. Отандық /
«Қызыл мен күлгін»
18.50 «Баданаму
қорғаушылары»
Мультхикая.
19.20 Анимация. Отандық /
«Көңілді көкөністер»
20.05 Анимация. Отандық /
«Ғарышкер бала
Жігер»
20.40 «Теңбіл доп»
телехикаясы
21.20 «Қырық төрт мысық»
Мультхикая.
21.45 Анимация. Отандық /
«Глобус»
21.55 «Зак дауыл»
Мультхикая.

22.25 «Сиқырлы бөлме»
кешкі ертегі.
22.40 «Аполлонның ерлігі»
Мультхикая.
23.05 «Үкілі әуен»
телехикаясы
23.35 «Мумилер өлкесі»
Мультхикая.
23.55 «Бесік жыры» – Әнұран
0.00 Эфирдің жабылуы

ASTANATV

06.00 «Фазилет ханым»
телехикаясы
07.10 «Маша и медведь»
М/ф
09.00 «Кекеш келін» үнді
телехикаясы
11.20 «Қызғалдақ» түрік
телехикаясы
12.10 «Ду-думан» шоу
13.25 «Алдараспан»
18.10 «Арман, Когда
ангелы спят» Х/ф
20.00 «SagarTimes»
апталық-
сараптамалық
бағдарламасы
21.00 «Әйел тағдыры» түрік
телехикаясы
21.55 «Кекеш келін» үнді
телехикаясы
23.40 «Өткінші жаңбыр»
телехикаясы
02.00 «Айнұрдың арманы»
телехикаясы
04.05 «Қызғалдақ» түрік
телехикаясы
04.50 «Үздік әзілдер»

TALIM TV TALIMTV

07.05 Балалық шаққа саяхат
07.40 Ғибратты ғұмырлар
08.10 Ой-талқы
09.00 Қазақы әңгіме
09.40 Айтыстар. Алтын қор
10.00 Сұлулықтың сыры
10.10 «Баланы бала
демеңіз» – Балалар
уақыты
10.30 Денсаулық сыры
10.50 Ем болсын
11.00 «Маңызды мәселе
(Архив)» – Қайталау
12.00 Ұлт саулығы
12.20 Рухани байлық
13.10 Сұлулықтың сыры
13.20 Тәлім trend
(Қазақстан)
14.10 Тәлім History
14.50 Сұлулықтың сыры
15.00 «Сырласайық»
(Архив) – Қайталау
16.00 Телехикая «Бір
келіншек»
4-5 серия
18.20 Өнер қырандары
18.50 Денсаулық сыры
19.00 Руханият
19.35 Сырласайық
19.50 Ұлт саулығы
20.00 «Бір дубль»
21.30 Дара тіл
22.00 Talim Speakers
22.30 Латын
23.00 Абайдың жолы
23.30 Orkeni style





ЖАҢА КІТАП

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Парижде Мұстафа Шоқайдың француз тілінде жазған мақалалары кітап болып жарыққа шықты. Бұл Түркияда тұратын тарихшы Әбдіуақап Қараның көп жылдық зерттеулерінің нәтижесі. 20 жылдай эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқай жүздеген мақала жазған. Оның 120-сы француз тілінде. Францияның ақпарат құралдарында жарияланған туындыларының осы бөлігі жаңа жинаққа енді. Олардың барлығы Кеңес Одағында түркі халықтарының хал-жағдайына арналған.



«Бұл кітап алаш зиялысын танытуға үлкен мүмкіндік береді. Мұстафаның ақыл-ойын оның қаламынан тануға болады. Француз тілінде жарыққа шыққан мақалаларды біз аударған жоқпыз. Сол түпнұсқа күйінде бердік. Кітапты шығарудағы басты мақсатымыз болашақ ұрпағымыздың сана-сезімін ояту, білімді азамат болуларына септігін тигізу. Менің ойымша ұлы тұлғаларымызды әлемге танысты-

руда еселі еңбек етуіміз қажет», – деп атап өтті Мимар Синан атындағы университеттің профессоры Әбдіуақап Қара.

Жалпы, Түркістан автономиясы басысының өмірі мен еңбегі әлі күнге дейін толық зерттелмеген. Болашақта Батыс басылымдарында жарияланған Мұстафа Шоқайдың мақалаларын қазақ тіліне аудару алдағы уақытта жоспарға енгендігін атап өтті.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

«1 ЖЫЛ, 11 АЙ, 3 КҮН»

Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Қуандық Ермұханбеттің «1 жыл, 11 ай, 3 күн» атты кітабының таныстырылымы өтті. Шығармада автордың басынан кешкен оқиғалары, 1986 жылы қабылданған ресми құжаттар мен қаулылар топтастырылған. Аталмыш кітапта сол зұлмат кезеңді арқау еткен оқиғалар кезең-кезеңімен баяндалған.

Іс-шара Жамбыл атындағы жас-өспірімдер кітапханасында ұйымдастырылды. Кітаптың таныстырылымына желтоқсаншылар, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым өкілдері мен жастар қатысты.

«Мен Ермұханбетпен көптен бері таныспын. Екеумізді табыстырған Желтоқсан оқиғасы. Тарих беттерінде өскелең ұрпаққа қайсарлықты ұғындыратын Желтоқсан көтерілісінің ашылмаған, ақтарылмаған жайттары көп. Ермұханбет осы кітабы арқылы біраз жайтты анықтап берді. Кітап жайлы айтар болсам, маған екі дүние ұнады: оқиғадағы адамдардың атының өзгертусіз жазылуы, әрі тарих беттеріне жаңаша көзқараспен қарауы», – дейді саясаткер Дос Көшім.



Ермұханбет ағамыз 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне қатысушының бірі ретінде 5 жыл бас бостандығынан айырылды. Бастапқы үкім 2 жылға қысқартылып, 1989 жылдың 3 ақпан күні, мерзімінен бұрын бостандық алған соң оқуына қайта қабылданып, 1992 жылы тарих және саясаттану маманы дипломын алып шығарды.

Қуандық Ермұханбет 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін тексеру жөніндегі парламенттік комиссияның құрамында болып, оның жетекшісі М.Шахановтың қоғамдық көмекшісі бола жүріп, жазықсыз құрбандарды ақтауға елеулі үлес қосқан.

ТЕАТР

Алматы қаласындағы Құдыс Қожамияров атындағы Республикалық академиялық ұйғыр музыкалық комедия театры өз тарихында ұйғырдың классикалық тарихи драмаларын қоюдан бөлек әлемдік озық шығармалардан да қол үзген емес. Сондай-ақ, қазақ қаламгерлерінің де көптеген шығармалары театр сахнасынан көрерменге жол тартты. Театрдың соңғы кездегі бір жаңалығы тарихы ұзақ, түркі халықтарының ортақ жауһары атанған «Он екі мұқамды» сахналағаны. «Он екі мұқам» бұрында сахнадан түскен емес, бірақ бұл жолғысы «бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» дегендей, жаңаша сипатпен түрленіп, түлеп құлпыра түскендей.

«Қойылым осы кезге дейін музыкалық жанр, ән әуені ретінде музыканттар мен әншілер тобының бірлігінде орындалып келіп еді. 2022 жылдың өзгешелігі сол, мұқамға жазушы, драматург Ахметжан Ашири арнаулы драмалық пьеса жазыпты. Оны Қазақстанның халық әртісі, әнші, қоғам қайраткері, театрдың көркемдік жетекшісі Мұрат Ахмадиев сахналап, спектакль етіп қойып шығыпты. Осы кезге дейін бір реткі қойылыммен тәмамдалып келе жатқан өнер туындысы бұл жолы бес спектакль, бес күн бойы қатарынан жүретін тек мұқамның желісімен жүйелі жүретін толыққанды «роман-спектакль» болыпты. Осы бес қойылымды толық көрген адам мұқам деген не, ол қандай жанр екеніне көз жеткізеді. Тіпті, тереңдей түсіп, ұйғыр халқының ән-әуенін, әншілік мектебін, музыка аспаптарын, орындаушыларды, би мәдениетін түсінеді», – дейді ақын, аудармашы, ҚЖО-ның мүшесі Дәулетбек Байтұрсынұлы.

Қарап отырсақ, қойылымда мың құбылған музыкалық иірімдермен қатар тотықұстай түрленген киім мәнерін көріп, көзайым боласыз. Әр спектакльдің бояуы

УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН



да бес түрлі. Осыдан алпыс жыл бұрынғы спектакль «Мұқамшы» мен бүгінгі «Мұқамның» арасында жер мен көктей айырмашылық бар екендігін байқауға болады. Өйткені, ұрпақ ауысты, дәуір басқаша сипат алуда.

Байқасақ, Дәулетбек Байтұрсынұлы айтқандай, бүгінгі ХХІ ғасырдың көрерменіне жететіндей әдісті театр ұжымы сәтті тапқан екен. Ол мұқамдарды тікелей

орындап, концерт беруден гөрі, мұқамға аңыздар мен ақиқаттағы оқиғаны қосып, шендестіріпті. Көрермен әрі ұлттық дәстүрлі ән тыңдайды әрі сюжетті оқиғаны көре отырып, есіне сақтап, жадына орнықтырады. Осылайша мұқамды әр жүрекке құяды. Бұл «роман-спектакльден» дәуірдің дүрсілі, заманның үні, уақыттың қолтаңбасы көрінеді. Әсіресе, бүгінгі өсіп келе жатқан жаңа буынға тәрбие берудің

көрнекті үлгісін жасапты. Бұл тұрғысында көрнекті драматург, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері, «Қазақстанның құрметті жазушысы» Ахметжан Аширидің еңбегі зор.

Ұйғыр халқының он екі мұқамы халық поэзиясы мен музыка өнерінің тоғысқан тұсы. Дәстүрлі ән орындаудың биік дәрежесі. Ол V ғасырда пайда болып, XVI ғасырларда буыны беки түсіп жүйеленген. Онда ұлттың эстетикалық және философиялық дүниесі танымы жинақталған. Әр спектакль нақтылы оқиғалар және тарихи көріністермен көмкеріліпті. Бір қойылымнан кейін бір қойылым оқиғаны дамытып, ширектіріп көрерменнің ілестіріп отырады. Оқиғаның тізбегінен уақыттың өтіп жатқанын, дәуірдің жылжығанын кейіпкерлердің киім үлгісі, бет пішіні, жүріс-тұрыс қозғалысы арқылы да сендіре біледі.



ӘЛЕУМЕТ

БАЛА ДА, АНА ДА БАҚЫТТЫ БОЛҒАЙ!

Қоғамда әлі де бақытсыз күй кешіп жүрген әйел-аналар мен балалар аз емес

Алматы қаласында орналасқан «Жансая» тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының құрылғанына 5 жыл толды. Өкінішке орай, бұл орталықтың әлі күнге есігі жабылған емес. Себебі, қоғамда отбасында әлі де бақытсыз күй кешіп жүрген әйел-аналар мен балалар аз емес.

БОТА:

– Есімді білгеннен көз алдымдағы көрініс – әкем үнемі анамды төмпешіп ұрып жататын. Тіпті, анамның денесі қан жоса болмайынша жұдырықтап, тепкілеуін тоқтатпайтын. Мен әкемнен өлердей қорқушы едім. Анамды өлтіріп қоятын шығар деген үрейден жаным көз алдыма келетін.

Таяқтан көз ашпаған шешем күндердің күнінде әбден қажып, үйден кетуге шешім қабылдағанда, дүниеге ең бақытты адам мен болған шығармын. Ол кезде мен 14 жаста едім.

Қазіргі таңда отбасы деген қандай болуы керектігін жақсы білемін. Жуырда 15-ке толамын. Өмірлік көзқарасым да нығайып келеді. Мен махаббаттың барына және мені бағалай білетін жігітке жолығып, ол мені құрметтейтініне сенемін. Сосын бақытты өмір сүретін боламыз.

ӘЛИЯ:

– 17 жасымда анам мені өзімнен үлкен 35 жастағы кісіге тұрмысқа берді. Ол өте ауқатты және ықпалды адам болатын. Бірақ арамызда сезім болмады. Өмірге екі қызымыз келді. Тұңғышым ДЦП дертімен туды. Маған «ауру бала-

ны қайтесің, бас тарт, жас өміріңді қор қылма» дегендер де болды. Бірақ көзге көрінген баламнан бас тарта алмадым, менде балаларыма деген махаббат басым болды. Ал күйеуім бірінші отбасын ешқашан тастамайтынын білдім, есесіне оған бізден бас тарту жеңілірек еді.

Адамның әр күні күрес. Кейде алдыңда бірнеше таңдау тұрады дегендей. Мен өз таңдауымды жасадым... Екі қызымды алып өз жөніме кеттім.

КАМИЛА:

– Мен Өзбекстан азаматымын. Ол жақта тұрмысымыз мәз болмады. Қазақстанға жұмыс іздеп келгенмін. Күндердің күнінде махаббатымды жолықтырдым. Онымен бас қостым. Азаматтық некеде тұрдық. Бала сүйдік. Сәбиіміз бір жасқа толғанда ол бізді тастап кетті. Өзбекстанда отбасы, балалары бар болып шықты. Сөйтіп, құшағымдағы баламен жұмыссыз, табыссыз, баспанасыз, тіркеусіз жалғыз қала бердім.

Басымнан талай қиындық өтті. Сүрініп кетіп, құлап, қайта тұруға ұмтылған күндерім өте көп. Алты ай корей шіркеуін паналадым. Сосын одан шығып «Жансая» дағдарыс орталығына келіп орналастым.



Сурет галлатория алынды.

Мен жалғыз емеспін, балтанақтай ұлым бар. Қазіргі өмірімнің сәні де, мәні де осы балам болып тұр. Баламның болашағы жарқын болуы үшін қолымнан келгенін бәрін жасайтын боламын.

Бұл – «Жансая» тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының паналап, киналған сәттерінде кәсіби мамандардан қолдау тапқан қыз-келіншектердің әңгімесінен үзінді.

Биыл – Балалар жылы. Дағдарыс орталығының басым бағыттарының бірі – балалардың құқығы мен мүддесін қорғау. Әдетте орталыққа қоныстанатын балалардың саны аналардан екі есе көп болып келеді. Себебі, мұнда қолдау іздеп келетін әйелдердің көбісі көпбалалы ана. 2017 жылдан бері «Жансаядан» 867 бала мен 474 әйел сая тапқан.

АҚ ЖАУЛЫҚ

Біздің қазақ әйелдері ешқашан жалаңбас жүрмеген. Бұл тіпті, бала емізгенде де, қазанға тамақ асқанда да тазалық үшін ауадай қажет. Қазақ әйелдерінің бас киімі қасаба, тақия, сәукеле, бөрік, қарқара, кимешек, күндік, шәлі, шылауыш, жаулық деп бөлінеді.



ЕҢ ӘДЕМІ КИМЕШЕКТІ ЖАС КЕЛІНДЕР КИГЕН

ҚАСАБА – төбесіне шоқ қауырсын қадалып, әшекейлермен безендіріліп, самай тұсына 5-6 қатардан ілемді моншақ, күміс қоныраушалар тағылған, артық тұсына ұзын салпыншақ жіберіп жасалған қыз тақиясының бір түрі. Дәстүрлі ортада ол көбіне төрелер мен сұлтандардың қыздары ғана киетін бас киім түрі болған.

ЖАУЛЫҚ – егде әйелдердің басына орамалап тартатын бас киімдердің бірі. Өз-әжелерді, асыл аналарды ардақтағанда ақ жаулықты деп дәріптеуі сондықтан. Оны кимешектің сыртынан тартады. Жаулық әртүрлі аталған: Оңтүстік, Орталық, Шығыс Қазақстанда – шаршы, Жетісу, Алтай өңірлерінде – шұлауыш, ал Оңтүстік Қазақстанда күндік дейді. Жібектен шашақтап тоқыған түрін бөртпе деп атайды. Жібектен және матадан шашақ шығармай тоқыған, қалыңдау келген түрін салы деп, жібек жіпті, торғын тектес, үлпілдек жұмсақ маталардан немесе ешкі түбітінен жасалған түрін шәлі деп атаған.

Өткенде бір жерден мынадай қызық ақпаратты көзім шалды: кимешектің үстінен оралатын осы ақ мата біріншіден, жас әйелдер жолай босана қалса, жөргекке қолданылыпты. Егде әйелдердің күнікейінің қарқарадай мол оралу себебі – жол-жөнекей қаза болса, кебіні болған екен. Одан да басқа, жаугершілікте жарақатты байлауға қолданған көрінеді.

КИМЕШЕК – әйелдің бет-жүзін ашық қоюға арналған ойығы бар, иығын, омырауын, жауып тұратын, арқасына «құйрық» түзе бұрышталып түсетін кулпара. Оны тұрмысқа шыққан немесе ересек әйелдер киген. Кимешектің иекті айнала маңдайды жауып тұратын екі жағын шықшыт, алдыңғы бөлігін жақ, ал адамның белінен төмен, шашты жауып тұратын ұшы бар бөлігін құйрықша деп атайды.

Кимешек жас ерекшеліктеріне қарай әшекейленген. Ең әдемі кимешекті жас келіндер киген. Отыз жастан асқан әйелдерге күміспен және моншақпен әшекейленген кимешектерді кию орынсыз саналған, ал балалары есейген ересек әйелдер тек қана түрлі жіптерден аз ғана қатарлар жүргізіліп тігілген кимешектер киген.

Кимешектің үстінен оралатын осы ақ мата біріншіден, жас әйелдер жолай босана қалса, жөргекке қолданылыпты. Егде әйелдердің күнікейінің қарқарадай мол оралу себебі – жол-жөнекей қаза болса, кебіні болған екен. Одан да басқа, жаугершілікте жарақатты байлауға қолданған көрінеді.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Құрбым жүріңкіреп қалған інісінің үйленетінін айтып, қатты қуанды. Екеуін жақындары таныстырыпты. Құда жақ та өздері секілді қарапайым жандар дейді. Енді сол болашақ келінге ақ көйлек іздеп жүрген беті екен. Мен де кештеу шықтым ғой тұрмысқа, үйлену тойымда киген ақ көйлегімді сұрай келіпті, прокаттан алғанша деп. Менен қысылмай, «өзім» дегені.

– Дүкендердегі көйлектердің денінде кеуде тұсына дейін ашықпашық, енді бірінің иығы жабық болғанымен, омырауының ойығы үлкен екен, үшіншісі қымбаттау. Той ауылда өтетіндіктен әкешешемнің көзін көрген үлкен кісілер

ӨМІРДІҢ ӨЗІ

БҰЛ ІЛТИПАТ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕРЕК...



– Демалысыңыз бітпеді ме әлі, қашан шығасыз жұмысқа? Бір жаңалығым бар еді... – деді сыйлас әріптес телефонның арғы жағынан, дауысында аздаған діріл бар. Қуанышты хабар екенін ішім сезді. Жеткізуге асығып тұрғандай.

– Мен көтеріп қойыппын!.. – деп күмілжіді сосын.

– «Қойыппыны» несі мына қыздың, а! Күшті ғой!

– Иә, әрине! Қуаныштан ес жоқ, өзімде де, күйеуде де. Тосын жаңа-

болады дегендей, – деді құрбым.

– Әрине, қуана-қуана беремін ғой. Сандықтың түбінде жатқанша, біреудің қадесіне жарағаны жақсы емес пе. Бірақ қазіргі жастар киілген деп жүрмей ме... – деп күмілжідім.

– Ол жағын айтқанмын, біледі. Өзі бір мың болғыр бала сияқты. Інімнің осы салт басты болып жүргенге дейінгі жиған-тергеніне Алматыдан үй сатып алсақ дейміз. Бір-ақ рет киілетін көйлекке пәленбай мың теңге шығындағанша, жас отбасыға ауадай қажетті кем-кетікті түгендейік деп едім, жас та болса бәрін түсініп мақұл көріп отыр. Айналайын ондай баладан! Екеуіне сендердің жолдарыңды берсін деп тілеймін, – деп ағынан жарылды құрбым.

Міне, содан бері сегіз жыл өтіпті. Құрбымның сол інісінің алтын асықтай үш ұлы бар, жақында қызды болды. Келін бала мемлекеттік қызметте жүріп-ақ бәріне

үлгерді. Ағайын-туыстың үлкені тұрмақ бесіктегісінің туған күндеріне дейін ескеріп, бала-шағаны да телефонмен болса да құттықтап, аяқ жетер жеріне кіріп шығуды ұмытпайды. Ағайынның арасын жалғап жүргені сол.

ӘРИНЕ, барлық бойжеткен өмірінде алар орны ерекше қуанышында аппақ көйлек киюді армандайды. Ол заңды да. Кеше бір танысым бұлқан-талқан ашуланып отыр, болашақ келіні «прокаттан көйлек кимеймін, жаңасын әперіндер» депті. Содан есіме түскен оқиға ғой.

Жуырда біздің бір әріптес қызымыз тұрмыс құрмақ болып, соның дайындығымен жүр. Бүгін болашақ жары екеуі ақ той көйлегін іздеуге шығамыз деді. Жүзі бақыттан балбұл жанып тұр. Ақ көйлек табылар, жүздеген адам жиналған тойда етегі жер сызған ол көйлек кірлер, бірақ көңілдер кірлемесін деп тілейік!

Міне, нағыз инабат, иба, әдеп! Әйтпесе, қырық деген не тәйірі!

ЫРЫМ-ТҮЙІМ

*** Жүкті әйелге ұсқынсыз заттар мен дүниелерге, көріксіз адамдарға қарауына болмайды.**

*** Керулі тұрған және шұбатылып жатқан арқаннан атмайды.**

*** Итке «кет» деуге болмайды, бұл толғақты ауырлатуы мүмкін.**

*** Арқан есуге, көрпе көктеуге, түйме қадап, киім жамалуға болмайды, әйел босанар үстінде бала кіндігіне оралып қалуы мүмкін.**

*** Тең буып, қаптың аузын жабуға рұқсат етілмейді, керісінше жабулы заттарды ашуға, буулы нәрселерді шешуге болады.**

Бетті дайындаған
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;
8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ – 2022

МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

№77 бөбекжай-балабақша ұжымының алға қойып отырған міндеті өте ауқымды. Ұжымда қызмет ететін тәрбиеші-педагогтар, ең алдымен, балалардың денсаулығын сақтау, сапалы білім беру, әлеуметтік қолдау көрсету, мүмкіндігі шектеулі балаларға жағдай жасау, олардың қауіпсіз қоршаған ортада өмір сүруіне мүмкіндік жасау сияқты міндеттерге басымдық береді.



Рая
ЕСКЕНДІР

Дәл қазіргі кезеңде ұжым осы аталған міндеттер аясындағы шараларды қолға алуда. Жыл бойы бұл міндеттерді жүзеге асыруға әрбір тәрбиеші, психолог, логопед белсене атсалысты. Балабақша тәрбиешілері Өміргүл Қошқарбаева, Ұлбала Айтжанова «Спорт – денсаулық кепілі», Зәуре Смайылқызы «Біз бақытты баламыз» атты іс-шараларды өткізді.

– Балалар – біздің болашағымыз! Барлық ата-ананың үміті, инвестициясы – бала екені белгілі. Сондықтан әрбір ата-ана өзінің баласының жақсы балабақшаға барып, үлгілі мектепте білім алғанын қалайды. Балабақшада өткізіліп

жатқан іс-шаралардың барлығы тәрбиеленушілердің бойына адамгершілік, патриоттық, мейірімділік, үлкенге құрмет сияқты қасиеттерді қалыптастырады. Қазір біз «Балабақша – қауіпсіз мекен» жобасымен жұмыс істеудеміз. Басты мақсатымыз – барлық баланың құқығын сақтап, ата-анамен тығыз байланысып, тәрбиешіге деген сенімді арттыру, – дейді бөбекжай-балабақша меңгерушісі Айгүл Әлібаева.

Аталмыш балабақшадағы ерекше білімді қажет ететін бүлдіршіндердің өзге балалармен бір ортада тәрбие алуына психолог-логопед мамандар күш салып, тер төгуде. Дені таза, рухы биік, көңілі орнында, жаны жайдары, жанары нұрлы ұрпақ өсіру – мұндағы әрбір педагог-тәрбиешінің мәртебелі міндеті.

дамытатын болады. Қазіргі кезде Б.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жобаны таныстыруға кірісті. Өңірлік әдістемелік орталықтарға жіберіліп, сайттарда жариялана бастады.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылдың екінші жартыжылдығына баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға жарты жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 маусымына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектегі көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға жартыжылдыққа жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі – 65503) – 3603,00 теңге. ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі – 95503) – 2643,00 теңге.

Тек жарты жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 29 шілдесінде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 4 тамыздағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

«Almaty aqshamy» және «Вечерний Almaty» газеттеріне тарату жөніндегі менеджер қажет.

Анықтама телефоны: 8 (727) 232-36-51.

ҚҰРМЕТТІ ТҮРКСІБ АУДАНЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ!

2022 жылғы 17 маусымда, сағат 11.00-де аудан әкімі Бақытжан Қожанбердіұлы Ақжаров «Жұлдыз» шағынауданының тұрғындарымен кездесуін «Жұлдыз-1» шағынауданы, 20-үй мекенжайында орналасқан №142 ЖБМ-де өткізеді.

Аудан әкімі қала басқармаларының өкілдерімен, аудандық коммуналдық қызметтің және құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге кездесуге дейін сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдау жүргізеді.

Анықтама үшін телефоны: 223-11-64.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ.

ТУРИЗМ

САЯХАТ ИДЕЯЛАРЫНА ШАБЫТТАНДЫРУ

Tik-Tok арқылы туризмді дамытамыз

Tik-Tok миллиондаған адамдарға айналасындағы әлемді тікелей үйден немесе кез келген жерден тануға мүмкіндік береді. Қысқа бейнероликтер түсіруге арналған жетекші платформа Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен «Kazakh Tourism» ұлттық компаниясымен ынтымақтастықты бастады.



Динара
МУРАТ

Олар бірге #TravelKazakhstan бастамасын іске қосады, оның мақсаты – ішкі туризмге назар аудару және Tik-Tok қауымдастығын осы жазда Қазақстан бойынша саяхат жасау идеяларына шабыттандыру. Пайдаланушылар жаңа бағыттарды ашуға, сонымен қатар сүйікті жерлерін платформаның үлкен аудиториясымен бөлісуге мүмкіндік алады.

Науқан танымал платформа жұлдыздарының қатысуымен кәсіби гидтердің тікелей эфирдегі виртуалды экскурсиялар сериясынан басталады:

8 маусым күні сағат 11.00-де Tik-Tok жұлдыздары заманауи қазақ тағамдарының құпиясымен бөліседі және ұлттық тағамдарды



дайындау бойынша мастер-класстар өткізеді. Ал 9 маусым күні сағат 18.00-де келесі танымал тиктокерлер елдің оңтүстігіне, Түркістанға аттанады. Олар бізді ежелгі Түркістанға шақырады. Турдың бағыты археологиялық қазба жұмыстары арқылы өтіп, Ахмет Яссауи кесенесінде аяқталады.

Пайдаланушыларды шабыттандырып, қолданушыларды тарту үшін Tik-Tok және Kazakh Tourism тақырыптық хэштег-науқанымен байқау жариялады. Пайдаланушыларға саяхаттарының ең қызықты және ұмытылмас сәттері бар шығармашылық қысқа бейнероликтерді түсіру, #TravelKazakhstan хэштегімен өздерінің сүйікті орындары мен ұсыныстарын көрсету ұсынылмақ.

7–26 маусым аралығында саяхаттары туралы бейнероликтер жариялаған пайдаланушылар үш DJI Mini2 квадрокоптерінің бірін жеңіп алу мүмкіндігіне ие болады, ал ең креативті қолданушы ұлттық компания аккаунтының жүргізушісі бола алады. Жеңімпаздар 7 шілдеде анықталады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalem-esh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VRY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



«АЛТЫН БЕСІК»

Балалар жылы аясында Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінде «Алтын бесік» көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

БАЛАЛЫҚ
ШАҚҚА САЯХАТАқтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Көрмеге кескіндемелік, графикалық және мүсіндік 80-нен аса туынды, еш жерде жарияланбаған, балалар тақырыбына байланысты қазақ, орыс және шетелдіктердің суреттері қойылды.

«Қазақстан өнері» бөлімінде балалар портреті жанры бойынша А.Ғалымбаеваның «Сәулелі портреті», И.Токайдың «Алма», Ю.Зайцевтің «Пионер Нариман» шығармалары қойылған. Сондай-ақ, Қ.Телжановтың «Алғаш рет», Е.Горовыхтың «Қиын тапсырма», Ә.Жүсіповтің «Алғашқы оқу», М.Толоконникованың «Бала бақшадағы таң», Р.Великанованың «Табиғатпен кездесу» және т.б. картиналары балалар өмірінен сыр шертеді. Мәселен, мектептегі сабақта тақта алдында оқушының жауап беруі, апасына кітап оқып беріп жатқан бала, саябақта жүрген қыз және т.б. көріністер шынайы шыққан. Бұл көріністер баланың ішкі жай-күйін беріп, балалық қуанышы мен мұңын жайып салып тұрғандай.

«Көрмеге қызым екеміз бірге келдік. Ол сурет салуды жан-тәнімен жақсы көреді. Картиналарды көріп отырып кішкентай кездерім есіме оралды. Апаңның алдына отырып алып ертегі тыңдайтын кездерімді, мектеп қабырғасында оқып жүрген сәттерімді сағымды. Қарап отырсам, бүгін музейге кішкентай балдырғандар көп келіпті, бұл да бір өнерлі балдырғандар санының артып келе жатқанының дәлелі болар», – дейді Динара Әбілқасым есімді қала тұрғыны.

Расыммен-ақ, көрмеге келушілердің көбісі дерлік балдырғандар. Суретшілердің туындылары көңілдерінен шыққанын бірден байқауға болады. Көрмеде бүлдіршіндердің образы мен мінез-құлқын дәл тауып, көркемдік талғаммен жазылған суреттерді көбірек байқадық.

Экспозицияда Ә.Қастеевтің «Балалардың туристік жорығы», «Жас натуралистер», С.Кимнің «Аю ұстаған қыз бала» шығармалары мен «Қырық өтірік» ертегісінің желісінде жазған С.Романовтың «Бала ханға өтірік әңгіме айтуда», «Бала хан алдында» иллюстрациялары жайғасқан. Е.Сидоркиннің «Өзбек қызы», Б.Табылдиевтің «Балалық шағы» және т.б. туындылар да жүректі тербейді.

Экспозицияның екінші бөлімі шет ел өнері қорынан алынған шығармаларды ұсынды. Мұнда Ресей, Латвия, Литва, Батыс



Еуропа елдері суретшілерінің жұмыстарын тамашалауға болады.

Көрмеде XIX ғасырдағы орыс өнерінің кескіндемесінен хабар беретін А.Венециановтың «Саша Панаевтың портреті», С.Зарянконың «Ваня Лазаревтің портреті» және т.б. туындылар орын алған.

«С.Зарянко А.Г.Венециановтың шәкірті болған, ол бойындағы бүкіл дарынын бір ғана портрет жанрына береді. «Ваня Лазаревтің портреті» оның ата-анасының тапсырысымен жасалған, өйткені ол императорлық отбасының өте танымал суретшісі болған. Зарянконың портреттері ерекше мұқияттылығымен көрермендерді өзіне тартады», – дейді экскурсия жетекшісі Айгерім Айдарбек.

XX ғасырдың графикалық өнерінде жаңа сапа, ерекше образ пайда болды. Бұл қазіргі адамның өміріндегі рухани процестерді жан-жақты терең талдауға деген ұмтылыстан туындаған. Кеңестік көрнекті графикалық бөлігіне Р.Гибавичюстің «Ана», К.Калинычевтің «Ескі саяжалда», М.Фейгиннің «Қызық кітап», К.Мамоновтың «Бақбақ терген бала» атты жұмыстары қойылған.

Натурадан түрлі нобайлар жасай отырып, суреттерінде балалардың пластикалық қызықты кейіптері мен қимылдарын дәл аңғарып, оларды жиі бейнелеген. Суретшінің үздік графикалық туындыларының балаларға арналғаны даусыз. Экспозицияның графикалық бөлігіне Р.Гибавичюстің «Ана», К.Калинычевтің «Ескі саяжалда», М.Фейгиннің «Қызық кітап», К.Мамоновтың «Бақбақ терген бала» атты жұмыстары қойылған.

Кескіндемелік, графикалық жұмыстарда балалардың ойнап жүрген сәттері, кішкентай кейіпкерлердің бақытты сәттері секілді балалықтың түрлі кезеңдері көрініс тапқан. Кейбір шығармалардан кейіпкердің кітап оқып отырғанын немесе спортпен беріле айналысып жатқандығын байқауға болады.

Көрмеден орын алған туындыларға қарап отырып, балалардың көңілді сәттеріне, ойлы жүздеріне қанық боласыз. Сондай-ақ, өзіміз балалық шағымызға саяхаттап қайтқандай сезімге бөленуіңіз ғажап емес.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

ЕЛІК ЛАҚТАЙТЫН КЕЗ КЕЛДІ

Алматыда алдағы аптада күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Бұл – елік лақтайтын «Мырза» амалының келгенін білдіреді. Осы кезде үш-төрт күндік суық жүреді

Елік лақтайтындықтан, «Мырза» амалының «Құралай» деген де аты бар. Маусымның 10-жаңасынан 15-жаңасына дейін жалғасатын амал. Арқар да осы мезгілде бұзаулайды. Бұл кезде үш-төрт күнге созылған суық жүреді, осыдан кейін ресми түрде жаз кіреді.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ


Сондай-ақ, «Мырза» амалымен қабаттасып «Әлөкүлік», «Саратан-Зауза» амалдары да кіреді. Ол да маусымның онында кіріп, он бесінде шығады. Қазақтар осы амалдан қауіптеніп, үнемі сақтанып, қамданып отырған.

Көк жүзінде жерге түспей үркіп жүрген Үркер уақытша болса да көзден тасаға кетті. Енді ауа райы ысыды. Табиғат тамыршысы атанған қазақ қарттары «Үркер жерге түспей күн жылымайды» деп осыны айтқан. Күннің жылуы жауын-шашынды жиілеті түсуі мүмкін. Аптап ыстық күз-шыңдағы қар-мұздардың буланып, жаңбырға айналуына себепші болуы ғажап емес. Сонымен қатар, «Орта бунақ» амалы да маусымның 9-ынан көрініс берді. Қазекен «тұяқ терлеп, қой күрлеп» деп атаған бұл амал табиғаттың жылы мезгілінің бастауы.

Бұрынғылар осы амалдар кезінде еліміздің басым бөлігінде құбылмалы, тұрақсыз ауа райы сақталатынын ескертіп отырған. Жаңбыр жауады, найзағай жарқылдайды. Таулы аудандарда қатты жаңбыр жауады. Кей жерлерде дауыл тұрып, бұршақ төпелейді, жел күшейеді.

Міне, ғажап, синоптиктердің кезекті антициклонның әсері туралы мәліметі бабалар болжамымен сәйкес келіп тұр. Қазақстанда күн суытатыны, кей аймақтарда нөсер жаңбыр жауып, қатты жел соғатыны, бұршақ жауу туралы жорамалы қазақы пайыммен үндесіп жатыр.

Күн аралатып жауған жаңбыр мен көкті торлаған бұлттың әлегінен жаңа ай туғанда көрудің мүмкіндігі болмағаны рас. Дегенмен, жаңа туған айдың төртінші жаңасын көрудің сәті түсті. Айдың төменгі жағы сәл шалқақтау болғанымен, жоғары жағы – кеуде тұсы тікелей тұр. Бұдан ұқанымыз, маусым жаңбырлы болып басталғанымен соңы шаруаға жайлы болатын сыңайлы.



Бүгін маусымның 9-ы. Ай жүйесі бойынша, айдың – 10-ы. Қазақы есепке сүйенсек, жаңа ай төрт күннен кейін басталады. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Бұл осы мерзімде ауа райы құбылмалы болады дегенді білдіреді.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ:

ЖАЗДА

- * Күн кенет ысып кетсе, ұзамай жауын жауады.
- * Құйын көп болса, қыс аязды болады.
- * Найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- * Аңыздық ыстық – қыста қатты аяз болатынының белгісі.
- * Жұлдыздар жарқырап тұрса, келер күн ыстық болады.
- * Бұлт желге қарай көшетін болса, ұзамай жаңбыр жауады.
- * Өліара жазда жауын-шашын болса, қыста боран болады, келер ай шаруашылыққа жайсыз тиеді.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?



МӨЛДІР МАХАББАТ

Өтетін орны: М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Авторы: С.Мұқанов.
Қоюшы-режиссері: Ә.Рахимов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.
Күні мен уақыты: 10 маусым, 18.30.



«№13»

Өтетін орны: Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік балалар мен жасөспірімдер театры.
Қоюшы-режиссері: Ержан Қауланов.
Рэй Кунидің «№13» атты комедиялық туындысы кімнің болса да көңілін бей-жай қалдырмайды.
Күні мен уақыты: 12 маусым, 18.30.

«ХХ22» АТТЫ
АУҚЫМДЫ МУЗЫКА
ФЕСТИВАЛІ

Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы.
Тұрақ: бар.
Жас шектеуі: 16+
Қосымша: тамақ пен сусындармен кіруге тыйым салынады.
Күні мен уақыты: 11 маусым, 18.00.



КЕРАМИКА САБАҒЫ

Өтетін орны: Алматы қ., Айманов көш., 126-үй, 405-қаб.
Күні мен уақыты: сейсенбі, сенбі – 11.00, 12.00, 13.00, 18.00, бейсенбі – 10.00, 11.15, 12.30, 14.30, 16.00, 17.00, 18.00.
Ұзақтығы: 1 сағат.
Жас шегі: 5+



ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ

Өтетін орны: Барлық кинотеатрдан тамашалай аласыздар.
Режиссері: Ақан Сатаев.
Басты рөлдерде: Берік Айтжанов, Данияр Уразаев, Ерік Жолжақсынов, Айдос Әбдіқадыров.
Ұзақтығы: 138 минут.
Күні мен уақыты: 14 маусым, 18.30.



ҮЙШІК

Мекенжайы: Мемлекеттік куыршақ театры, Алматы қаласы.
Автор: Е.Локшина.
Режиссер: А.Зайцев.
Жанр: ертегі.
Ұзақтығы: 45 минут.
Жас санаты: 3+
Күні мен уақыты: 10 маусым, 14.00.
Әзірлеген
Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.